

Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережені, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін қуәліктердің нысандарын және Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы № 620 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 498 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.19 № 498 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ереже;

2) азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандары:

т у у т у р а л ы ;
туу туралы актіні қалпына келтіру жазбасы;
н е к е г е т ұ р у т у р а л ы ;
ә к е л і к т і белгілеу т у р а л ы ;
бала асырап (қыз асырап) алу туралы;
тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы;
н е к е н і б ұ з у т у р а л ы ;

қайтыс болу туралы;

3) осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін қуәліктердің нысандары:

т у у т у р а л ы ;
н е к е г е т ұ р у т у р а л ы ;
н е к е н і б ұ з у т у р а л ы
ә к е л і к т і белгілеу т у р а л ы ;
бала асырап (қыз асырап) алу туралы;

тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы;
некені бұзы туралы;

қайтыс болу туралы;

4) Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелер.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы

22

мамырдағы

N 620

қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы Ереже

1-Бөлім

Азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы

1-Тарау. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізу тәртібі

1. Жеткілікті негіздер болғанда азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу:

1) ұл (қыз) асырап алуға байланысты оның тегі, аты, әкесінің аты, туған жері мен күні өзгертилгенде, сондай-ақ бала (қыз) асырап алушыларды асырап алынған баланың (қыздың) ата-анасы ретінде жазғанда;

2) некені бұзыға немесе некенің жарамсыз деп тануға байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертилгенде;

3) ата-анасының арасындағы некенің тоқтатылуына немесе некенің жарамсыз танылуына байланысты қамелетке толмаған баланың тегін өзгерткенде;

4) әке болуды тіркегенде;

5) некеге тұрмagan анадан баланың туылу туралы акт жазбасына баланың әкесі туралы мәліметтерді енгізу туралы өтініш түскенде;

6) ұл (қыз) асырап алушың күшін жою немесе оның күші жоқ деп тану, сондай-ақ некенің күші жоқ деп тану туралы сот шешіміне байланысты;

7) баланың туу туралы акт жазбасынан баланың әкесі немесе шешесі туралы мәліметтерді алыш тастау туралы сот шешіміне байланысты;

8) тегін және атын, әкесінің атын өзгерткенде;

9) ата-анасының тегі мен әкесінің аттарының өзгеруіне байланысты қамелетке толмаған баланың тегі мен әкесінің аты өзгергенде;

10) азаматтық хал актілері жазбаларындағы қателер сот тәртібімен анықталғанда;

11) әке болу туралы сот шешімінің күші жойылғанда;

12) егер азаматтық хал актісі жазбасында қосарланған аты немесе әкесінің аты көрсетілген болса;

13) егер азаматтық хал актісі жазбасында ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты немесе ұлты көрсетілмесе;

14) егер азаматтық хал актісі жазбасында қате мәліметтер көрсетілсе;

15) егер баланың туғанын тіркеу кезінде оған тегі немесе аты ата-анасының тілегі ескерілмей берілсе;

16) егер баланың оның туу туралы акт жазбасында көрсетілгеннен өзге аты болса, мұны оның мұддесі қажет етсе;

17) егер туу туралы акт жазбасында баланың аты толық көрсетілмесе (кішірейтіліп, еркелетіп, қысқартылып көрсетілсе);

18) егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекелеген сөздерді тастап кету) жіберілген болса;

19) жынысын өзгертуге байланысты тегі, аты және әкесінің атын түзету қажет болса;

20) ұлтық дәстүрлерге байланысты тегін, әкесінің немесе атасының атынан туындайтын текті өзгерткенде;

21) ұлты өзгерген жағдайда жүргізіледі.

2. Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу:

1) ұл (қыз) асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің;

2) кәмелетке толмаған баланың тегін өзгерту туралы занды күшіне енген сот шешімінің;

3) әке болуды анықтау туралы акт жазбасының;

4) азаматтық хал актісі жазбасындағы қателердің анықталғаны туралы сот шешімінің;

5) некені бұзы туралы, туу туралы акт жазбасынан баланың әкесі немесе шешесі жөніндегі мәліметтерді алып тастау туралы, әке болудың анықталғандығы туралы бұрын шығарылған сот шешімін жою туралы, ұл (қыз) асырап алудың қүші жоқ деп немесе жарамсыз деп тану; сондай-ақ некенің қүші жоқ деп тану туралы сот шешімінің;

6) тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы акт жазбасының;

7) некеде түрмәған аナンЫң туу туралы актілерді тіркеу кітабына баланың әкесі туралы мәліметтер енгізу жөніндегі өтінішінің;

8) тегін ұлттық дәстүрлер бойынша әкесінің немесе атасының атынан туындастын текке өзгерту туралы өтініштің;

9) өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі аумақтық әділет органы бекіткен аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысының;

10) ұлтын өзгерту туралы ішкі істер органдары анықтамаларының негізінде жүргізді.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысандағы қорытындыларды АХАЖ органдары 1-тармақтың 12, 13, 14, 17, 18, 19-тармақшаларында көзделген жағдайларда жасайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.25 N 857, 2005.02.14 N 140, 2011.06.30 N 736 Қаулыларымен.

3. Азаматтық хал актісі жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы арыздар берушінің тұрғылықты жеріндегі АХАЖ органына беріледі. Арыз АХАЖ органына түскен күннен бастап бір ай мерзімде қаралуға жатады. Дәлелді себептер болған жағдайда аумақтық әділет органы АХАЖ бөлімінің бастығы көрсетілген мерзімді әрі кеткенде бір айдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

4. Баланың тууын тіркегенде балаға ата-аналарының тілектері ескерілмей тегі немесе аты берілуіне байланысты, сондай-ақ егер баланың оның тууы туралы акт жазбасында көрсетілген нақты атынан басқа аты болса, ата-аналардың баланың тегін не атын өзгерту туралы өтініштерін АХАЖ органдары бала он алты жасқа толғанға дейін қабылдайды.

5. Қайтыс болған адамдарға қатысты азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу осы Ереженің 8-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізгенде не осы бөлімнің Ереженің 1-тармағының 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-тармақшаларында көзделген жағдайларда оларды енгізуден бас тартылғанда, АХАЖ органдары аумақтық әділет органдары бекітетін қорытындылар жарайды.

Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуден бас тартылуға сот тәртібімен шағым беруге болады.

7. Қорытындылар мен азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болып табылатын осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттар тиісті азаматтық хал актісінің жазба жасалған жердегі АХАЖ органдарына орындалуға жіберіледі.

Тиісті жазбалар жасалған жердегі АХАЖ органдары азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді құжаттар түскен күннен бастап он бес күн мерзімде жүргізеді. Сонымен бірге өтініш берушіге берілетін немесе арыз берушінің тұрғылықты жеріндегі АХАЖ органына жіберілетін азаматтық хал актісін тіркеу туралы жаңа куәлік жазылады.

8. Әскери міндетті және әскер қатарына шақырылатындардың азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері туралы өзгертулер туралы АХАЖ органы жеті күн мерзімде өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізілген жердегі жергілікті әскери басқару органдарына хабарлайды.

Азаматтық хал актілеріне енгізілген өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер жөнінде АХАЖ органы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша аумақтық әділет органдарының АХАЖ бөлімінің мұрағатына хабарлама жібереді.

Ескерту. 8-тармақта өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен.

9. Шетелде тұрғылықты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы арыздарына Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктеріне немесе консулдық мекемелеріне береді.

Азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің немесе консулдық мекемесінің арызы бойынша тиісті акті тіркелген жердегі АХАЖ органы жүргізеді.

10. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу осы Ережедегі Бөлімде белгіленген тәртіpte жүргізіледі.

2-Тарау. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру тәртібі

11. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру туралы арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органына беріледі.

Арыз бір айға дейінгі мерзімде қаралуға жатады. Дәлелді себептер болған кезде аумақтық әділет органы АХАЖ бөлімінің бастығы көрсетілген мерзімді бір айдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

12. Азаматтық хал актілері жазбаларының жоғалуын сол жоғалған жазба жасалған жердегі АХАЖ органының облыстық (қалалық) мұрағаты растауға тиіс.

АХАЖ органдарының жоғалған жазбаларды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде азаматтық хал актісін тіркеу фактісі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу зандарында белгіленген ережелер бойынша сот тәртібімен б е л г і л е н е д і .

13. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру тиісті жазбаның бұрын болғандығын растайтын құжаттар болғанда немесе сот шешімі негізінде жүргізіледі (2 қосымшаға сәйкес).

14. Ұсынылған құжаттар мен тексерулердің нәтижелері негізінде арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша азаматтық хал актісінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру немесе одан бас тарту туралы қорытынды жасайды, оны аумақтық әділет органы бекітеді.

15. Азаматтық хал актісінің жазбасын қалпына келтіру туралы АХАЖ органының қорытындысы қалпына келтірілген жазбаны тіркеу үшін жоғалған жазба жасалған жердегі АХАЖ органына жіберіледі.

16. Азаматтық хал актісінің тіркелу фактісі сот тәртібімен анықталған кезде АХАЖ органы сот шешімінің негізінде азаматтық хал актісінің жазбасын

17. Қалпына келтірілген азаматтық хал актісінің жазбасын тіркеуді жазба жоғалған жер бойынша АХАЖ органдары жүргізеді. Жоғалған жазба сот тәртібімен қалпына келтірілген жағдайда, актінің қалпына келтірілген жазбасын тіркеу сот шешімі шығарылған жер бойынша жүргізіледі.

Азаматтық хал актісін қалпына келтіру туралы жазба күнделікті тіркеу кітабында, ал тuu туралы қалпына келтірілген жазбаны тіркеу туу туралы қалпына келтірілген актілерді тіркеу кітабында жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.25. N 857 қаулысымен, 17-тармақ жаңа редакцияда - 2003.06.03. N 520 қаулысымен.

18. Шетелде тұрғылықты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар жоғалған азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру туралы арыздарын Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктеріне немесе консулдық мекемелеріне береді.

Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіруді жоғалған жазба болған жердегі АХАЖ органы Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің немесе консулдық мекемелерінің арызы бойынша жүргізеді.

19. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркелген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру осы Ереженің 2-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3-Тарау. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою

20. Азаматтық хал актісі жазбаларының күші мынадай жағдайларда жойылуы мүмкін:

- 1) сот шешімінің негізінде;
- 2) мұдделі адамдардың берген арызы бойынша;
- 3) бастапқы, қалпына келтірілген немесе қайта жасалған күші жойылуға жататын жазбаны тапқан АХАЖ органының бастамасы бойынша.

21. Қалпына келтірілген немесе қайта жасалған жазбаны тапқан немесе мұдделі азаматтық хал актілері жазуларының күшін жою туралы адамдардың, арызын алған АХАЖ органы акт жазбасының тиісті көшірмелерін жинайды және азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою жөнінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша қорытынды

жасау үшін материалдарды аумақтық әділет органының АХАЖ бөліміне жібереді.

22. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою туралы арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органына арыз беріледі. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою туралы арыздары АХАЖ органдары бір айға дейінгі мерзімде қарауға тиіс.

23. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жоюды сот шешімінің негізінде жоюды АХАЖ органы қорытынды жасамай-ақ жүргізеді. Қалған жағдайларда қорытынды жасау міндettі.

24. Азаматтық хал актілері жазбаларының күші жойылғаны туралы азаматтық хал актісі арыз беруші бойынша тіркелген адамдарға және тиісті аумақтық әділет органы АХАЖ бөліміне хабарланады.

25. Азаматтық хал актісі жазуын арызы бойынша жою туралы азаматтық хал актісі тіркелген адамдарға және тиісті аумақтық әділет органының АХАЖ бөлімінің мұрағатына хабарланады.

26. Шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген және шетелде тұрғылықты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қалпына келтірілген немесе қайта жасалған азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою жөніндегі арыздарын Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктеріне немесе консулдық мекемелеріне береді.

Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жоюды, күші жойылуға жататын жазба сақталған жердегі АХАЖ органы жалпы тәртіппен шетелдегі Қазақстан Республикасы елшілігінің немесе консулдық мекемесінің тиісті аумақтық әділет басқармасындағы АХАЖ органына жіберетін арызы бойынша жүргізді.

27. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою осы Ереженің осы белімінде белгіленген тәртіpte жүргізіледі.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы

22 мамырдағы

N 620

қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында азаматтық хал
актілерін тіркеу тәртібі туралы**
Ережелер

1-Бөлім

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 163-бабына сәйкес, туу, қайтыс болу, неке қио, некені бұзу, бала асырап алу, әке (ана) болуды анықтау, атын, әкесінің атын және тегін өзгерту азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарда (бұдан әрі - АХАЖ органдары) тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 164-бабына сәйкес, азаматтық хал актілерін тіркеуді АХАЖ бөлімдері, ал мұндай бөлімдер жоқ жерлерде - жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

2. АХАЖ бөлімдері мынадай іс - әрекеттерді жүргізеді:

1) тууды, қайтыс болуды, неке қиоды, некені бұзуды, бала (қыз) асырап алуды, әке (ана) болуды анықтауды, атын, әкесінің аты мен тегін анықтауды тіркеуді ;

2) азаматтық хал актілерінің жазуын заңмен белгіленген тәртіппен түзетеді, өзгертеді, толықтырады және жояды;

3) жойылған жазбаларды қалпына келтіреді, атын, тегін, әкесінің атын өзгерту ді ресімдейді ;

4) бастапқы және қайтадан куәліктер, анықтамалар, азаматтық хал актілерінің көшірмелерін бере ді ;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

3. Кенттік, ауылдық (селолық) округтердің лауазымды адамдары тууды, қайтыс болуды, неке қио мен әке болуды тіркеуді жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу Қазақстан Республикасының консулдық және елшілік мекемелерінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілерін тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының АХАЖ ор ган дары н да жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының консулдық немесе елшілік мекемелерінде тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасының елшілік және консулдық мекемелерінде азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мұдделі адамның бірі басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болса, онда Қазақстан Республикасының З а ң ы қ о л д а н ы л а д ы .

6. Азаматтық хал актілерін тіркеу үшін арыз берушінің жеке басын куәландыратын мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке бас куәлігі не ұлттық паспорты;

2) мерзімді өскери қызметшілер үшін - өскери билет;

3) Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұратын шетел азаматтары үшін - шетел азаматтарының тұруына арналған ықтиярхат; Қазақстан Республикасына уақытша келген адамдарға - уақытша тұруы туралы тұруға рұқсаты б а р құ ж а т ;

4) азаматтығы жоқ адамдар үшін - азаматтығы жоқ адамның тұруына арналған ықтиярхат .

7. Азаматтық хал актілерін тіркеу кітабына енгізілетін әрбір жазба арыз берушіге оқылып беруге, олардың және жазуды жүргізетін лауазымды адамның қолдары қойылуға әрі азаматтық хал актісін тіркейтін органның мөрімен бекітілуғе тиіс .

Өтініш берушілерге азаматтық хал актісінің жазбасы жүргізілгені туралы тиісті күәлік беріледі .

8. Тууды тіркеу, әке болуды анықтау, бала (қыз) асырап алу, неке қио, некені бұзу, атын, әкесінің атын және тегін, ұлтын және жынысын өзгерту үшін, сондай-ақ туу, неке қио, некені бұзу, қайтыс болу туралы актілердің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты қуәліктер және азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталап берілетін қуәліктер үшін Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерде

мемлекеттік баж алынаады.

Қайтыс болуды тіркеу, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты қуәліктер беру Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес мемлекеттік баж алусыз жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14. N 140 қаулысымен.

9. Тууды және қайтыс болудың уақытында әрі дұрыс тіркелуін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік (халықты тіркеу мерзімдері мен тәртібі туралы хабардар ету тіркелуден жалтару жағдайларын анықтау, актілік кітаптарды дұрыс жүргізу және тағы басқалар) АХАЖ органдары бастықтарының жеке өздеріне; ал селолық елді мекендерде - жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына; шекарадан тысқары жерлерде - консулдық лауазымды адамдарға жүктеледі.

10. Халықтың табиғи қозғалысын тіркеудің толықтығы мен уақытылылығын қамтамасыз ету мақсатында медициналық мекемелер келесі айдың үшінші күнінен кешіктірмей ай сайын АХАЖ органдарына туғандар мен қайтыс болғандардың тізімдерін жіберіп тұруға міндettі.

Азаматтық хал актілерін тіркеуге уәкілетті лауазымды адамдар осы тізімдерді жүйелі түрде актілер жазуларымен салыстырып тұруға және тіркелмеген адамдар анықталған жағдайда оларды тіркеуге шаралар қолдануға тиіс.

11. Азаматтық хал актілерін тіркеуден негіzsіз бас тартқаны, халықтың табиғи қозғалысына есеп жүргізу жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде бермегені, бала (қыз) асырап алудың құпиясын ашқаны үшін лауазымды адамдар заңмен белгіленген тәртіpte (Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 91-бабына сәйкес) әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

2-Бөлім. Тууды тіркеу.

2-Тарау. Тууды тіркеу тәртібі мен мерзімдері

12. Балалардың тууын тіркеуді АХАЖ органдары баланың туған жерінде немесе ата-аналарының не олардың біреуінің тұрғылықты жерінде жүргізеді (N 1 қосымшаға сәйкес).

13. Ата-аналардың қалауы бойынша АХАЖ органы баланың тууын салтанатты түрде, АХАЖ органының үй-жайында не АХАЖ органдары мен жаңа туған баланың ата-аналарының келісімі бойынша әйелдер босанатын үйде және кез келген үй-жайда тіркеуді қамтамасыз етеді.

14. Егер ата-анасы өзара некеде тұрмаса, тууды тіркеу өзін баланың әкесімін деп танитын адамның тұратын жерінде тіркелуі мүмкін, онда тууды тіркеу туралы өтінішпен қоса әке болуды анықтау туралы өтініш беріледі.

15. Егер баланың тууы оның нақты туған жерінде емес, ата-анасының немесе олардың біреуінің тұратын жері бойынша тіркелетін болса, туу туралы акті жазуында "Туған жері" деген 6-бағанада баланың тууын тіркелген жер көрсетіледі.

16. Экспедицияларда және АХАЖ органдары жоқ шалғай жерлерде, сондай-ақ анасының теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе поездада болған кезінде туған балалардың тууын тіркеу ата-анасы тұратын жеріне қайтып келгеннен кейін ата-аналарының немесе олардың бірінің тұрғылықты жеріндегі АХАЖ органдарында жүргізіледі.

17. Баланың тууын тіркеу туралы арызды ата-анасы немесе олардың біреуі, ал ата-анасы науқас немесе қайтыс болған кезде немесе өзге себептермен олар үшін мұнданың өтініш беру мүмкін болмаған жағдайда - мұдделі адамдар көршілерінің, бала туған кезде аласы жатқан медициналық мекеменің әкімшілігі жазбаша немесе ауызша түрде береді.

18. Баланың тууын тіркеу туралы АХАЖ органына өтініш оның туған күнінен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей жасалуға тиіс.

Екі айлық мерзім өткеннен кейін тууын тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен нысан бойынша, аумақтық әділет органдарының АХАЖ бөлімі жасаған қорытындының негізінде жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.25. N 857 қаулысымен.

19. Медициналық мекеменің баланың тууы туралы анықтамасында баланың аласы туралы барлық қажетті мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты), сондай-ақ

баланың тұған күні мен жынысы, анықтаманың берілген күні болуға тиіс. Анықтама лауазымды адамның қолымен және емдеу мекемесінің мөрімен
куәландырылуда тиіс.

Егер баланың туу турагы медициналық анықтамада анасының некеге дейінгі тегі (әрі қарай - некеге дейінгі тек) көрсетілсе, ал тууды тіркеу сәтінде ол паспортын, жеке басын куәландыратын басқа құжатын) некенің тіркелуі кезінде берілген тек бойынша алса, арыз беруші міндепті түрде емдеу мекемесі берген анықтаманың (осы паспортын (жеке басын куәландыратын басқа құжатын) АХАЖ органына ұсынған анаға берілгенін растайтын неке қилю турагы куәлікті тапсыруға тиіс. Егер некені тіркеу кезінде әйелге жұбайының тегі берілсе, алайда ол паспортын жаңа текке ауыстырмаған және баланың туу турагы медициналық анықтамада да анасының некеге дейінгі тегі көрсетілген болса, арыз беруші міндепті түрде неке қилю турагы куәлікті тапсыруға тиіс. Ата-ананың некесін қилю турагы жазба осы АХАЖ органында болған жағдайда неке қилю турагы куәлікті тапсыру міндепті емес.

Осы тармақтың екінші абзацында көзделген жағдайларда баланың туу турагы актінің жазуында анасының тегі неке қилю турагы куәлік (неке қилю турагы актінің жазуы) бойынша көрсетіледі, бұл ретте "Белгілерге арналған" 24-бағанада "Ұсынылған медициналық анықтамада анасының некеге дейінгі тегі көрсетілген" немесе "Ұсынылған медициналық анықтама мен анасының паспортында оның некеге дейінгі тегі көрсетілген" деген тиісті жазу жазылады және анасының некеге дейінгі тегі көрсетіледі.

Баланы үйде тұған жағдайда туу емдеу мекемесі дәрігерінің, басқа медициналық қызметкердің анықтамаларының негізінде, олар болмаған жағдайда, кемінде екі күнің арызының негізінде тіркеледі.

Туу турагы актінің жазудың "Баланың туу фактісін растайтын құжаттар" атты 10-бағанасында туу фактісі куәлардың тегін, атын, әкесінің аты мен тұратын жері көрсетіле отырып расталады. Бұл мәліметтер куәлардың жеке бағдарын куәландыратын құжаттардың негізінде көрсетіледі.

20. Күнін (куәлардың) келуі мүмкін болмаған жағдайда баланың осы әйелден туу фактісін жазбаша растаудың астына қойған қолдардың нақтылығы нотариаттық тәртіппен куәландырылуға тиіс. Бұған қоса, күнің қолын АХАЖ органының бастығы немесе тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы; шетелде жүрген (ұзаққа созылған іссапар және тағы басқа) Қазақстан Республикасы азаматтарының қолдарын - Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінің лауазымды адамы; әскери қызметшілердің қолдарын - тиісті әскери бөлімнің командирі; Қазақстан Республикасының жалауымен жүзіп жүрген теңіз кемелерінде немесе ішкі сулар

кемелеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының қолдарын - осы кемелердің капитандары; барлау және сол сияқты басқа да экспедицияларда жүрген азаматтардың қолдарын - осы экспедициялардың бастықтары; стационарлық емдеу-сауықтыру мекемелерінде емделуде жатқан азаматтардың қолдарын - осы мекемелердің әкімшілігі куәландыра алады.

21. Ата-анасының біреуінің немесе екеуінің де жеке басын куәландыратын құжатты тапсыруы мүмкін емес ерекше жағдайларда (оның жүрген жері белгісіз, ұзақ іссапар және тағы басқа) АХАЖ органы тууды тіркеуден бас тартуға тиіс емес. Егер ата-анасының жеке басын куәландыратын құжат тапсырылмаса, ол жайлы мәліметтер неке қилю туралы куәліктің немесе осы АХАЖ органында ата-анасының неке қилю туралы акт жазуы болған кезде осы актілік жазудың негізінде жазылады. Егер ата-аналары туралы мәліметтер неке қилю туралы куәліктің негізінде жазылған жағдайда, "Ұлты" атты 15-бағана толтырылмайды. Бұл ретте берушіге келмей қалған ата-анасы жеке басын куәландыратын құжатты тапсырған кезде жазу белгіленген тәртіпте әкесінің (анасының) ұлты туралы мәліметтермен толықтырылуы мүмкін екендігі түсіндіріледі. Ата-анасының тұрақты тұратын жері туралы, олардың қайда және кім болып жұмыс істейтіндігі, сондай-ақ білімі туралы мәліметтер арыз берушінің айтуымен жазылады. Мұндай жағдайларда туу туралы актінің жазбасындағы "Белгілерге арналған" 24-бағанада: "Әкесінің (анасының) жеке басын куәландыратын құжат тапсырылған жоқ, әкесі (анасы) туралы мәліметтер неке қилю туралы куәліктің (неке қилю туралы актілік жазудың) негізінде енгізілді" деп көрсетіледі.

22. Өзара некеде тұратын әкесі мен анасы олардың біреуінің өтініші бойынша тууды тіркеу кітабында баланың ата-анасы болып жазылады. Неке қилю туралы куәлік мұндай жазуға негіз болып табылады.

Жасанды тұрде ұрықтандыру тәсілін қолдануға немесе эмбрионды имплантациялауға өздерінің жазбаша келісімдерін берген некеде тұратын адамдар осы тәсілдерді қолданудың нәтижесінде оларда бала туған жағдайда тууды жазу кітабында оның ата-аналары болып жазылады.

Некеде тұратын және бала көтерту мақсатында басқа әйелге эмбрионды имплантациялауға жазбаша тұрде өз келісімдерін берген адамдар тек баланы туған әйелдің (суррогат ананың) келісімімен ғана баланың ата-анасы болып жазыла алады.

Егер ата-анасының арасындағы неке бұзылған, сотпен жарамсыз деп танылған немесе жұбайы қайтыс болса, бірақ некенің бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе жұбайының қайтыс болуы сәтінен бастап екі жұз жетпіс күннен аспайтын уақыт өтсе, ата-анасы туралы мәліметтер тұра осында тәртіпте жазылады. Арыз беруші осыған сәйкес некені бұзу туралы куәлікті немесе сот шешімін, некені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінен

үзіндіні (көшірмені) немесе жұбайының қайтыс болуы туралы қуәлікті тапсыруға тиіс. Тууы туралы актінің "Белгілерге арналған" 24-бағанасында некенің бұзылуы немесе қайтыс болу күні мен орны және актілік жазудың нөмірі не соттың атауы және некені жарамсыз деп тану туралы шешімнің занды күшіне

Егер бала некенің бұзылу немесе оның жарамсыз деп танылу күнінен бастап екі жүз жетпіс күн өткеннен кейін туса, бұрынғы жұбай тек әке болуды анықтау туралы актілік жазудың негізінде ғана баланың әкесі болып жазылуды мүмкін.

23. Егер баланың тууын тіркеуді ата-анасы емес, басқа адам жүргізсе, онда арыз берушінің жеке басын күэландыратын құжат тапсырылуға тиіс. Бұл жағдайда "Белгілерге арналған" 24-бағанада арыз берушінің жеке басын күэландыратын құжаттың нөмірі, күні және кімнің бергені көрсетіледі.

24. Егер тіркелген некеде тұратын баланың анасы тууды тіркеу кезінде оның жұбайы бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып табылмайды деп мәлімдесе және баланың туwy әкесі болу мынадай тәртіппен аныкталады:

баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының АХАЖ органына бірлесіп арыз беру жолымен анықталады;

анасы қайтыс болған, ол әрекет қабілеті жоқ деп танылған, ананың тұрган жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда немесе ол ата-аналық құқығынан айырылған жағдайда - қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен баланың әкесінің арызы бойынша, осындай келісім болмаған жағдайда - сот шешімімен анықталады;

бала туғаннан кейін әке болуды анықтау туралы бірлесе арыз беру мүмкін болмайды немесе қызын болады деп тұспалдауға негіз болатын мән-жайлар болған жағдайда, болашақ баланың өзара некеде тұрмайтын ата-анасы осындай арызды аナンЫң жүкті кезінде АХАЖ органына бере алады. Баланың ата-анасы туралы жазба бала туғаннан кейін жасалады.

25. Егер ата-анасы өзара некеде тұрмаса, баланың анасы туралы жазба анасының өтініші бойынша, ал әкесі туралы жазу - әке болуды баланың әкесі мен анасының бірлесіп берген арызы бойынша немесе баланың әкесінің арызы бойынша жасалады немесе әкесі соттың шешімі бойынша жазылады.

Бала некеде тұрмайтын анадан туған кезде, ата-ананың бірлесіп берген арызы болмаған кезде соттың әке болуды анықтау туралы шешім болмаған жағдайда, тууды жазу кітабында баланың әкесі туралы жазба анасының тегі бойынша, баланың әкесінің өз аты мен оның әкесінің ата-анасының айтуы бойынша жазылады.

Баланың тууы анасының емес, басқа адамның өтініші бойынша тіркеген жағдайда әкесі туралы мәліметтер осы тармақтың екінші абзацымен көзделген тәртіпте осы адамның айтуы бойынша жазылады.

Мұнда туу туралы актінің жазуындағы "Белгілерге арналған" 24-бағанада: "Әкесі туралы мәліметтер арыз берушінің айтуы бойынша енгізілді" деген жазба жасалады да арыз беруші осы бағанаға қол қояды. Кейіннен баланың анасы туу туралы актінің жазуына енгізілген баланың әкесі туралы мәліметтермен келіспеген жағдайда түзетулер белгіленген тәртіпте жасалады.

26. Егер ата-анасы (немесе олардың біреуі) он сегіз жасқа толмаған болса, баланың тууы әдеттегідей тәртіпте тіркеледі. Кәмелетке толмаған әкесінің немесе анасының ата-аналарының (қамқоршыларының) баланың тууын тіркеуге келісімі мұнда талап етілмейді.

Некеде тұрмайтын және он алты жасқа немесе кәмелетке толмаған ата-анадан туған баланы тіркеу заңды өкілдің қатысуымен жүргізіледі.

Мұнда "Белгілерге арналған" 24-бағанада: "Туудың тіркелуі заңды өкілдің қатысуымен жүргізілді" деген жазу жазылады, оның тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі көрсетіледі, содан кейін өкіл осы бағанаға қол қояды. Кейіннен кәмелетке толмаған ата-аналар он алты жасқа толғанға дейін кәмелетке толмаған ата-анасымен қатар тәрбиелеуді жүзеге асыратын қамқоршы тағайындалады.

Жасанды тұрде ұрықтандыру тәсілімен немесе эмбрионды имплантациялау жолымен туған балалардың тууын тіркеу жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

27. Тууды тіркеу кезінде баланың тегі ата-анасының тегімен белгіленеді. Ата-анасының тектері әртүрлі болған жағдайда балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі. Ата-анасының қалауы бойынша баланың тегін ұлттық дәстүрлерді ескеріле отырып, әкесінің немесе атасының атына жазылуы мүмкін. Баланың тегіне қатысты ата-анасының арасындағы келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

28. Тууды тіркеу кезінде ұлты қазақ адамдардың аттарын, әкелерінің аттарын және тектерін мына төмендегі үш мүшелік антропонимдік белгілеу жүйесі: аты, әкесінің аты, тегі бойынша дұрыс жазуға және айтуға назар аудару керек.

Мұнымен қатар азаматтардың қалауы бойынша қазақтардың тектері мен әкелерінің аттарын жазу кезінде қазақ тіліне жат -ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -и -ины, -на, -овна, -евна, -ович, -евич жүрнақтары алып тасталып, олардың орнына "ұлы", "қызы" жалғаулары бірге қосып жазылады. Мысалы Байкенов Оспан Омарович Байкен Оспан Омарұлы"; Кадырова Рысты Мадиевна .

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабына сәйкес ұлты қазақ

адамдардың аты-жөнін байлаша жазуға болады;

Қадырова Рысты Мадиевна - Мадиқызы Рысты; Байкенов Оспан Омарович - Омарұлы Оспан.

Әкесінің аты шын мәнісінде тегін ауыстыратын болса және тегі міндettі түрде бірінші орында, одан кейін аты тұrsa, онда әкесінің аты жазылмайды.

Тегінің айтылуы қолайсыз естілетін жағдайларда сондай-ақ қазақтардың тұрмысында кездесетін шығыс антропонимі дәстүрлерін құрметтей отырып, тегін белгілеу кезінде өз еркі бойынша "и" әрпін қосып жазуға жол беріледі.

Мысалы:

Кошкарова Сара Акимовна - Қошқари Сара Әкімқызы.

Ұлты қазақ адамдардың тектерін, өз аттары мен әкелерінің аттарын жазу кезінде атындағы сөздің мөлшеріне қарамастан бөлек жазуға жол берілмейді.

Мысалы:

Әбілқасым (Әбіл - Қасым емес), Гүлсара (Гүл - Сара емес), Сейдахмет (Сейд - Ахмет емес).

Атын, тегін, әкесінің атын өзгертуді тіркеу кезінде де осындай принциптер қолданылады.

Текке "тегі", "ұрпағы", "немересі", "шөбересі" сөздерін және тағы басқа сөздерді қосып жазуға жол берілмейді.

29. Балаға қосарланған тек беруге рұқсат етілмейді. Алайда, егер ата-анасының (немесе олардың біреуінің) қосарланған тегі болса, АХАЖ органы балаға осы текті беруден бас тартуға құқылы емес. Балаға ұлттық-тариҳи дәстүрлерге сәйкес әкесінің немесе атасының атына жазылған тек берілуі мүмкін.

30. Баланың аты ата-анасының келісімі бойынша қойылады, ата-анасының арасында келісім болмаған жағдайда баланың атын қою мәселесі сот арқылы шешіледі.

АХАЖ органы берілген аттың жеке аттар анықтамасында көрсетілмеуі немесе қысқартылған, еркелететін ат болып табылуы негізінде балаға ата-анасы таңдаған атты қоюдан бас тартуға құқылы емес.

31. Балаға әкесінің аты әкесінің атымен не әкесі ретінде жазылған адамның атымен беріледі. Егер жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес әкесінің бірнеше аты болса, баланың әкесінің аты ата-анасының таңдауымен солардың біреуі бойынша жазылады.

Басқа ұлт адамдарының тектері, аттары және әкесінің аттары өздерінің қалауы бойынша олардың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес жазылуы мүмкін.

32. Тууды тіркеу туралы жазылған жазудың негізінде тууы туралы күелік жазылып, ол тууды тіркеу туралы өтініш берген адамға беріледі.

Тууы туралы қуәлікпен бірге міндетті түрде жұмыс орнына тапсыру үшін баланың туу жағдайы бойынша тиісті жәрдемақы алуға анықтама беріледі.

33. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың балаларының тууын тіркеу кезінде ата-анасының екеуінің де жеке бастанын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ олардың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіннің нотариалдық куәландырылған аудармасын тапсыру талап етіледі.

35. Тауып алған баланың тууын тіркеу, егер ол бұрын тіркелмеген болса, оны тауып алған адамның, балалар мекемесі әкімшілігінің немесе ішкі істер органының арызы бойынша тауып алу күнінен бастап үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Тауып алған баланың тууын тіркеу кезінде АХАЖ органы бұл жайлы дереу қамқоршылық және қорғаншылық органына хабарлауға тиіс.

Түуды тіркеу кезінде арызға барлық жағдайларда, баланың табылған уақытын, орнын және тауып алу жағдайларын көрсетіп ішкі істер органы немесе жергілікті атқарушы орган әзірлеген хаттама, сондай-ақ баланың жасы туралы медициналық мекеме берген анықтама қоса тапсырылады.

Тауып алған, ата-анасы белгісіз баланың тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ оның ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты мен ұлты қамқоршылық және қорғаншылық органының, бала тапсырылған балалар мекемесі әкімшілігінің, баланы тауып алған ішкі істер органының немесе баланы тауып алған адамның айтуы бойынша жазылады (баланың ата-анасы туралы басқа мағлұматтар жазылмайды). "Белгілерге арналған" 24-бағанада: "Бала табылған" деген жазу жазылады, сондай-ақ ата-анасы туралы мәліметтердің кімнің айтуы бойынша

36. Өлі туған балалар мен өмірінің бірінші аптасында өлген балалар баланы тудырған немесе бала өлген емдеу мекемесінің арызы бойынша түү сәтінен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей АХАЖ органдарында тіркелуге тиіс. Алайда, егер мұндай арызбен ата-анасы немесе қажетті құжаттарды ұсынған басқа адам жүгінсе, АХАЖ органы тіркеуден бас тартуға тиіс емес.

Өлі баланың түүшін тіркеу өлі түү туралы медициналық қызметтің (

перинаталдық өлім туралы күеліктің) негізінде тек тууы туралы актілерді тіркеу
кітабында ғана тіркеледі.

Егер бала туғаннан кейін өлсө (егер ол бірнеше минут қана өмір сүрсе де), екі актілік жазу: тууы туралы - тууы туралы медициналық анықтамаың негізінде және қайтыс болу туралы - перинаталдық өлім туралы күеліктің негізінде жазылуға тиіс.

Мұнда туу туралы актінің жазуында актілік жазудың нысанымен көзделген ата-анасы туралы барлық мәліметтер көрсетілуге тиіс, ал осы тармақтың үшінші абзацымен көзделген жағдайларда - баланың қайтыс болуы туралы да белгі қойылуға тиіс ("Белгілерге арналған" 24-бағанада).

Егер бала өмірінің бірінші аптасында қайтыс болса, өтініш берушіге тек қайтыс болу туралы күелік беріледі. Кейіннен тек қайтыс болу туралы қайтадан күәлік беріледі.

Егер ата-анасына баланың (өлі немесе тірі, бірақ өмірінің бірінші аптасында қайтыс болған) тууын растайтын құжат алу қажет болса, АХАЖ органы өлі туу туралы немесе баланың қайтыс болуы туралы көрсетіп, тууы туралы анықтама береді.

37. Баланың әкесімен некеде тұрмайтын аласы қайтыс болғанда баланы толық мемлекеттің есебінен ұстауға және тәрбиелеуге берсе, яғни баланы әйелдер босанатын үйден алып кетуден бас тартса не оның тұратын жері белгісіз болса, ал әке болу анықталмаса, баланың тууын тіркеу баланы туу кезінде аласы жатқан медициналық мекеме әкімшілігінің арызы бойынша не балалар мекемесі әкімшілігінің немесе бала үш күн аралығында соның қамқоршылығында болған адамның арызы бойынша жүргізіледі. Аласы туралы мәліметтер туу туралы медициналық анықтамаға сәйкес, бала мен әкесінің тегі - аласының тегі бойынша, бала мен әкесінің аттары әкелерінің аттарымен, сондай-ақ ата-анасының ұлты - арыз берушінің айтуы бойынша көрсетіледі. Мұндай жағдайда баланың әкесінің аты әкесінің өз атына сәйкес келуге тиіс (баланың ата-анасы туралы басқа мәліметтер жазылмайды).

38. Егер кейіннен сот әкесі (аласы) туралы мәліметтерді туу туралы актінің жазуынан алып тастау туралы шешім шығарса, АХАЖ органы соттың занды күшіне енген шешімінің негізінде туу туралы актінің жазуы бойынша өзгерістер енгізеді - әкесі (аласы) туралы мәліметтер сыйылышп тасталады да "Белгілерге арналған" 24-бағанада: _____ жылғы "___" 199___ N _____ шешімінің негізінде әкесі (соттың атапу) (аласы) туралы мәліметтер алынып тасталды" деп көрсетіледі. Бұл жағдайда аласының арызы бойынша туу туралы актінің жазуына әкесі аласының тегі бойынша жазылуы мүмкін. Баланың әкесінің өз аты әкесінің аты мен тегі аласының айтуы бойынша жазылады. Әкесі

туралы басқа мәліметтер енгізілмейді.

Туу туралы актінің жазуына енгізілген барлық өзгерістер лауазымды адамның мөрімен және қолымен куәландырылады.

39. Ата-аналық құқықтардан айыру туралы заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде туу туралы актінің жазуында "Белгілерге арналған" 24-бағанада: "Ата-анасы(әкесі,анасы) _____" "199__ жылғы N__ шешімінің (соттың атауы) негізінде ата-аналық құқықтан айырылды" деп көрсетіледі.

Жазылған жазу лауазымды адамның мөрімен және қолымен куәландырылады (ата-анасы туралы мәліметтер актілік жазудан алынып тасталмайды). Ата-аналық құқықтарынан айырылған ата-анаға тууы туралы қызметтер қайтадан берілмейді. Олар баланың қамқоршысына (қорғаншысына) берілуі мүмкін.

Соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде ата-аналық құқықтарын қалпына келтіру кезінде түу туралы актінің жазбасына: "_____ 199__ жылғы "___" N__ шешімінің негізінде (соттың ата-ананың (әкесінің, анасының) ата-аналық құқықтары қалпына келтірілді" деген белгі жасалады.

Жазылған жазу лауазымды адамның мөрімен және қолымен куәландырылады

3-Бөлім. Әке болуды анықтауды тіркеу

3-Тарау. Жалпы ережелер

40. Әке болуды анықтауды тіркеу АХАЖ органдарында жүргізіледі.

Баланың өзара некеде тұратын ата-анадан тууы ата-анасының әкесі туралы жазумен куәландырылады .

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Занының 46-бабына сәйкес, баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуын анықтау АХАЖ органына баланың әкесі мен анасының бірлесе арыз беру жолымен; анасы қайтыс болған, ол әрекет қабілеті жоқ деп танылған, оның тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған немесе анасы ата-аналық құқықтан айырылған жағдайларда - қамқоршылық және қорғаншылық органының келісімімен баланың әкесінің арызы бойынша ал келісім болмаған кезде - соттың шешімі бойынша белгіленеді .

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Занының 47-бабына сәйкес бала некеде тұрмайтын ата-анадан туған жағдайда, ата-анасының бірлесіп берген арызы болмаған кезде, әке болуды анықтау баланың ата-анасының

біреуінің немесе қамқоршысының (қорғаншысының), сондай-ақ бала кәмелетке толғаннан кейін оның өзінің арызы бойынша сот тәртібімен белгіленеді.

41. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 178-бабына сәйкес әке болуды анықтауды тіркеу туралы арыз берушілердің тандауы бойынша баланың ата-анасының бірінің тұрған жері бойынша АХАЖ органына, ал әке болу сот шешімімен анықталған жағдайда - әке болуды анықтау туралы сот шешімі шығарылған жерге беріледі.

Кәмелетке толған адамға қатысты әке болуды анықтауды тіркеу туралы арызға тек оның келісімімен ғана, ал егер ол әрекет қабілеті жоқ болып танылса - оның қамқоршысының немесе қамқоршылық және қорғаншылық органының келісімімен жол беріледі. Мұндай жағдайларда ата-анасының арызына кәмелетке толған адамның (оның қамқоршысының) әке болуды анықтауга жазбаша түрдегі келісімі міндетті түрде қоса беріледі. Мұндай келісім осы адамның (оның қамқоршысының) жеке арызында немесе ата-анасының бірлесіп берген арызына (әкесінің арызына) оның қол қоюы (қамқоршысының қол қоюы) арқылы білдірілуі мүмкін. Мұнымен қатар кәмелетке толған адам (оның қамқоршысы) әкесінің тегін алушы қалайтындығын немесе анасының тегінде қалғысы келетіндігін көрсетеді. Бұл туралы әке болуды анықтау туралы акт жазуының 21-бағанасында тиісті белгі қойылады.

42. Әке болуды анықтауды тіркеу туралы арыз Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігі белгілеген нысандағы бланкіде әзірленуге тиіс. Мұндай бланкі болмаған жағдайда еркін түрде жазылған арыздың мәтінінде бланкіде көзделген барлық мәліметтер болуға тиіс. Арыздың Бланкісіндегі барлық сұраққа толық және дәл жауап берілуге тиіс. Арыздар АХАЖ органы қызметкерінің көзінше толтырылады және қол қойылады, ол осы Ереженің 24-тармақшасының бірінші абзацында келтірілген арыз берушілердің жеке басын қуәландыратын құжаттармен ондағы мәліметтерді салыстырады.

Арыздар түскен күні арыздарды есепке алушың арнайы журналында тіркелуі тиіс.

43. Әке болуды анықтауды тіркеу баланың әкесінің некеде тұрған-тұрмағанына қарамастан жүргізіледі, сондықтан жұбайдың әке болуды анықтауды тіркеуге келісімі талап етілмейді.

44. Егер баланың тууы туралы акт жазбасында баланың әкесі ретінде белгілі бір адам көрсетілсе, АХАЖ органының әке болуды анықтау туралы арызды қабылдауға құқығы жоқ. Бұл жағдайда әке болуды анықтау туралы арыз түскен

кезде АХАЖ органы баланың тууы туралы жазбасы бойынша әкесі туралы бұрын енгізілген мәліметтердің негіздемесін тексеруге тиіс.

Мұндағай тексеру:

- 1) егер әкесі анықталатын баланың анасы тіркелген некеде тұрса;
- 2) егер баланың анасы тіркелген некеде тұрмаса, ал тууы туралы күелікте баланың әкесінің тегі анасының тегімен сәйкес келмесе, мұндай тексерулер міндетті түрде жүргізіледі.

Егер тууы туралы жазба басқа АХАЖ органында болса, АХАЖ органы оның көшірмесін көрсетілген мәліметтерді анықтау және арызға қосып тігу үшін бір айдың ішінде алдыруға тиіс. Бұл жағдайда арыз әдеттегі тәртіппен түскен күні журналда тіркеледі, ал әке болуды анықтау арыз берушілердің (арыз берушінің) қатысуымен тууы туралы актілік жазудың көшірмесін алғаннан кейін кідіртілместен жүргізіледі. Туу туралы актілік жазудың көшірмесінің сұратылғаны туралы арыз берушілерге (арыз берушіге) хабарланады және оның нақты алыну мүмкіндігі ескеріле отырып әке болуды анықтауды тіркеу күні белгіленеді.

Баланың тууы туралы актілік жазбада арыз беруші әйелдің күйеуі немесе басқа адам көрсетілген жағдайда (Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 49-бабының З-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) баланың тууы туралы актілік жазудан әке болу туралы мәліметтерді алып тастау туралы мәселені сот шешкенге дейін әке болуды анықтауды тіркеуден бас тартылуы тиіс.

45. Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан сот тәртібімен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамның арызы бойынша, сондай-ақ осы әрекет қабілеттілігі жоқ адамның қамқоршысының арызы бойынша әке болуды анықтауға жол берілмейді.

46. Баланың тууы туралы акт жазба жоғалып кетсе, онда әке болуды анықтау ол белгіленген тәртіппен қалпына келтірілгеннен кейін тіркелуі мүмкін.

47. Тууды және әке болуды анықтауды бір мезгілде тіркеу кезінде міндетті түрде туу туралы және әке болуды анықтау туралы актілер жасалады. Бұл ретте тууы туралы акт жазуларындағы баланың тегі анасының тегі бойынша көрсетіледі, ал оның әкесінің аты және әкесі туралы мәліметтер - ата-аналарының әке болуды анықтау туралы бірлесіп берген арызына (әкесінің арызына) сәйкес көрсетіледі. Егер ата-аналары (әкесі) балаға өзінің тегін беруді қаласа, ол әке болуды анықтау туралы акт негізінде түзетіледі.

48. Ата-аналардың бірлесіп берген арызы бойынша әке болуды анықтауды тіркеу кезінде баланың тегі ата-аналардың келісімі бойынша, ал келісім болмаған жағдайда - сот тәртібімен анықталады.

Баланың қандай текті иеленетіні жөнінде әке болуды анықтау туралы арызда көрсетілуі тиіс.

Сот шешімі негізінде әке болуды анықтауды тіркеу кезінде балаға шешімде көрсетілген тек беріледі, мұндай жазу жоқ болған жағдайда - арыз берушінің көрсетуі бойынша беріледі. Осы мәселе бойынша дау туған жағдайда ол сот тәртібімен шешіледі.

Баланың әкесінің аты әкесінің аты бойынша өзгереді, оның ішінде егер кәмелетке жасы толған балалардың тарапынан қарсылық болмаған жағдайда да олардың тегі осылай өзгереді.

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Занының 49-бабының 3-тармағына сәйкес баланың тууы туралы бұрынғы акт жазуында көрсетілген баланың әкесінің аты (анаының көрсетуі бойынша) баланың әкесі ретінде танылған адамның атымен сәйкес келмеген жағдайларда, АХАЖ органының әке болуды анықтауды тіркеуден және балаға әкесінің атын әкесінің аты бойынша беруден бас тартуға құқы жоқ және бұл мәселе жөнінде ата-аналардан түсініктеме талап етуге тиіс емес.

49. Әке болуды анықтауды тіркеу кезінде әке болуды анықтау жөніндегі акт жазуы бекітілген нысан бойынша екі данада жасалады (4 қосымшаға сәйкес).

Әке болуды анықтау туралы күәлікті АХАЖ органы (12 қосымшаға сәйкес) ата-аналардың қалауы бойынша және олардың арызы бойынша әрқайсысына жеке береді.

50. Әке болуды анықтау жөніндегі акт жазуында анасы туралы мәліметтер акт жазуының немесе баланың тууы туралы күәлігінің негізінде, оның ішінде анасы әке болуды анықтауды тіркеуге дейін некеге отырған және жұбайының тегін қабылдаған жағдайда да көрсетіледі. Мұндай жағдайда 21-бағанада некені тіркеу орны, акт жазбасының нөмірі мен күні, сондай-ақ анасының оның некеге тұруына байланысты берілген тегі көрсетіледі.

Әке болуды анықтау туралы ата-аналардың бірлесіп берген арызында, егер анасы неке қиодан кейін жұбайының тегін қабылдаса, оның тегі жеке басын күәландыратын құжатқа сәйкес көрсетіледі, ал тырнақшаның ішінде: "анаының некеге дейінгі тегі" деп жазылады.

51. Егер баланың ата-аналары әке болуды анықтауға дейін немесе одан кейін некеге тұрса және некеге тұру кезінде анасы жұбайының тегін қабылдаған жағдайда, баланың тууы туралы акт жазуында баланың тегін түзету қорытынды жасалмастан жүргізіледі. Некені қио туралы актідегі жазу өзгерту енгізуге негіз болып табылады.

52. Егер баланың ата-аналары некеге ол туғаннан кейін тұрса, әке болуды анықтауды тіркемей тұрып, баланың тууы туралы акт жазуына әкесі туралы мәліметтерді енгізуге жол берілмейді.

53. Әке болуды анықтау туралы акт жазуы негізінде АХАЖ органы сол күні әкесі туралы мәліметті және осыған байланысты өзгерістерді баланың тууы туралы акт жазуына енгізеді және тууы туралы жаңа куәлік береді. Бұрынғы куәлік белгіленген тәртіп бойынша жойылады.

Егер баланың тууы туралы акт жазуы басқа жерде болса, онда он күндік мерзімнің ішінде жазудың бірінші данасының жазбасы тұрған жердегі АХАЖ органына әке болуды анықтауды тіркеуге байланысты жазуға қажетті өзгерістер енгізу және тууы туралы жаңа куәлікті жіберу туралы хабарлама жіберіледі.

Алынған хабарламаның негізінде АХАЖ органы тууы туралы акт жазбасына қажетті өзгертулер енгізеді және тууы туралы жаңа куәлік жібереді. Сонымен бірге ол тиісті аумақтық әділет органындағы АХАЖ мұрағатына тууы туралы акт жазбасының екінші данасына дәл осындай өзгерістер енгізу үшін хабарлама жібереді.

54. Әке болуды анықтауды тіркеуге байланысты әскерге міндеттінің немесе шақырылушкиның тегі немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда АХАЖ органы «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл туралы жеті күн мерзімде әскери міндетті немесе шақырылушы әскери есепте тұратын жергілікті әскери басқару органдарына х а б а р л а у ы

тиіс.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен.

55. Кәмелетке жасы толмаған балаларға қатысты әке болуды анықтауды тіркеу туралы баланың анасының тұрғылықты жері бойынша еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына хабарланады.

56. Әке болуды анықтау туралы сот шешімі бұзылған жағдайда АХАЖ органы әке болуды анықтау туралы акт жазбасының күшін жояды.

Әке болуды анықтау туралы бұрын шығарылған сот шешімін бұзу жөніндегі сот үйғарымының (қаулысының) көшірмесін, сондай-ақ әке болуды анықтау жөніндегі акт жазбасының күшін жою туралы жазбаны жарамсыз деп тану туралы занды күшіне енген сот шешімін алған жағдайда АХАЖ органы жазбаның сыртқы бетінің жоғарғы жағына: "Жазбаның күші жойылған" деп көрсетеді және 21-бағанада қашан және қай сottың шешім шығарғандығы туралы көрсетіп, белгі соғады.

Акт жазбасының күші жойылғандығы туралы аумақтық әділет органындағы тиісті АХАЖ мұрағатына хабарланады, ол осы тәртіппен жазбаның екінші данасының күшін жояды.

Әке болуды анықтау туралы акт жазбасының күші жойылғаны туралы тузы туралы акт жазбасы тұрған жердегі АХАЖ органына хабарланады, ол акт жазбасындағы бастапқы өзгерістерді (егер әке болуды анықтауға байланысты баланың тегі өзгерсе, сондай-ақ оның әкесінің аты мен әкесі туралы мәліметтер өзгереді), қайта қалпына келтіріп, тиісті белгі соғуға тиіс. Соғылған белгі бойынша туу туралы акт жазбасының екінші данасы тұрған аумақтық әділет органының АХАЖ мұрағатына хабарланады.

Әке болуды анықтау туралы акт жазбасының күші жойылған кезде АХАЖ органы баланың анасына тиісті жәрдемақы алуға еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына ұсыну үшін анықтама береді.

Аталған жағдайларда бұрын баланың әкесі болып жазылған адамға баланың тузы туралы қуәлік қайтадан берілмейді.

4-Тарау. Баланың әкесі мен анасының бірлесіп берген арызының негізінде әке болуды анықтауды тіркеу

57. Әке болуды анықтау туралы ата-аналардың бірлесіп жазған арызы олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органына беріледі. Бірлесіп арыз беру қын болған жағдайда АХАЖ органына баланың әкесі мен анасы арызды бөлек беруі мүмкін.

58. Егер ата-аналардың біреуі әке болуды анықтауды тіркеу үшін дәлелді себеппен АХАЖ органына өзі келе алмаса, оның арызға қойған қолы осы Ереженің 22-тарауында белгіленген тәртіппен куәландырылуы тиіс. Мұндай жағдайларда әке болуды анықтау жөніндегі акт жазбасының "Белгілер үшін" деп аталатын 21-бағанасында қолды кімнің, қашан куәландырғаны көрсетіледі.

59. Бала туғаннан кейін әке болуды анықтау туралы ата-аналардың арыз беруі мүмкін болмаған немесе қын болған жағдайда (ата-аналардың біреуінің қатты науқастануы, ұзақ іссапарда немесе экспедицияда болуы, басқа жерге тұрақты тұру үшін көшіп кетуі және тағы басқа), анасы екіқабат кезінде медициналық анықтамамен растала отырып, әлі тұмаған балаға қатысты тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органына бірлесіп (немесе бөлек) алдын ала арыз беруге жол беріледі. Мұндай арыз оларды есепке алу журналында тіркеледі және жалпы негіздерде сақталады. Бала туғаннан кейін әке болуды анықтауды тіркеу үшін ата-аналардан жаңадан арыз беру талап етілмейді; бұл жағдайда әке болуды анықтауды тіркеуді АХАЖ органы, егер алдын ала берілген арызды ата-аналар не олардың біреуі кері қайтарып алмаса тууды тіркеумен бір мезгілде жүргізеді. Кері қайтарып алынған арыз АХАЖ органында қалдырылады, оған АХАЖ

органы "Арыз жарамсыз деп есептелінді" деген белгі соғады. Бұл осы арызды кері қайтарып алған ата-ананың (ата-аналардың) қолымен не осы Ереженің 22-тармағында бекітілген тәртіппен оның (олардың) қолы куәландырылып, жазбаша арызбен расталады.

Егер баланың анасының немесе әкесінің тұрган жерін өзгертуіне байланысты тууды тіркеу және әке болуды анықтауды тіркеу басқа АХАЖ органында жүргізілсе, онда алдын ала берілген арызды сақтаушы АХАЖ органы сұрау салу бойынша оны тиісті жеріне жолдайды.

60. Әке болуды анықтау туралы ата-аналардың арызына баланың тууы туралы куәлігі қоса берілуге тиіс. Егер әке болуды анықтауды тіркеу тууды тіркеумен бір мезгілде жүргізілсе, тууы туралы куәлік ұсынылмайды.

61. Осы Ереженің 60 және 61-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда АХАЖ органы әке болуды анықтауды арыз берген күні екі ата-ананың қатысуымен жүргізеді.

5-Тарау. Бала әкесінің арызы негізінде әке болуды анықтауды тіркеу

62. Бала әкесінің арызы негізінде әке болуды анықтау:

- 1) анасы қайтыс болған, анасы қайтыс болды деп жарияланған;
- 2) анасының жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемістігі салдарынан әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған;
- 3) анасы ата-аналық құқықтан айырылған;
- 4) баланың анасының тұргылықты орнын анықтау мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

63. Әке болуды анықтауды тіркеу қорғаншы және қамқоршы органның келісімімен өзін баланың әкесімін деп танитын адамның жазбаша арызы бойынша, мұндай келісім болмаған жағдайда - сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Егер балаға қорғаншы (қамқоршы) тағайындалса, онда арызда оның тегі, аты, әкесінің аты және тұргылықты жері көрсетіледі.

6-Тарау. Сот шешімінің негізінде әке болуды анықтауды тіркеу

64. Эке болуды анықтауды тіркеу соттың әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу және әке болуды тану фактісін анықтау туралы шешімінің негізінде жүргізіледі.

65. Занды күшіне енген сот шешімі және баланың тууы туралы күелігінің көшірмесі арызға қоса беріледі.

66. Эке болуды анықтау туралы шешім шығарған сот осы шешім занды күшіне енгеннен кейін оның көшірмесін арыз берушінің тұрғылықты орны бойынша тікелей АХАЖ органына жіберген жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған АХАЖ органы талап-арыз бойынша сот әке болуды анықтаған адамның қатысуымен әке болуды анықтау туралы жазбаны одан әрі дайындау үшін шешімді соттың есепке алу журналында тіркеуге міндettі.

Әке болуды анықтау туралы акт жазбасын жазу кезінде әкесі туралы деректер сот шешіміне сәйкес көрсетіледі.

Сот шешімінде әкесінің ұлты туралы деректер жоқ болған жағдайда әке болуды анықтау туралы акт жазуының 13 "Ұлты" бағанасы баланың тууы туралы акт жазуындағы 15-бағанаға сәйкес толтырылып, бұл туралы 21-бағанада әке болуды анықтау туралы белгі соғылады. Әкесінің тұрақты тұрғылықты жері, қайда және кім болып жұмыс істейтіндігі арыз берушінің айтуымен жазылуы мүмкін.

7-Тарау. Қазақстан Республикасында әке болуды анықтау, Қазақстан Республикасынан тыс жерде анықталған әке болуды мойындау

67. Қазақстан Республикасында әке болуды анықтау ата-аналары мен баланың ұлтына және олардың тұрғылықты орнына қарамастан Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының зандары бойынша АХАЖ органдарында әке болуды анықтауға жол берілген жағдайда, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын баланың ата-аналары, ең болмағанда олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса, Қазақстан Республикасының консулдық және елшілік мекемелеріне әке болуды анықтау туралы арызбен жүгінуге құқылы.

4-Бөлім. Некені тіркеу

8-Тарау. Жалпы ережелер

68. Некені тіркеуге ниет білдіруші адамдар немесе арыз берушінің біреуі ездерінің тұрғылықты жерінде не ата-аналарының тұрғылықты жеріндегі АХАЖ орғанына арыз береді.

Ата-аналарының немесе олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органына некеге тұруға арыз берген жағдайда осы жерге тіркелгендігі туралы құжаттар ұсынылуы тиіс.

Некеге тұру жөніндегі арызда, сондай-ақ акт жазуының "Белгілер үшін" бағанасында: ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты, оның жеке басын күэландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан бергендігі, сондай-ақ оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Ескеरту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14. N 140 қаулысымен.

69. Некеге тұру жөніндегі арыз белгіленген үлгідегі бланкіде жазылуға тиіс. Мұндай бланкі болмаған жағдайда еркін нысандағы арыз мәтінінде бланкіде көрсетілген барлық мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Арыз бланкісінде көрсетілген барлық сұрақтарға толық және дәл жауаптар қайтарылуы тиіс.

70. Арызды қабылдау кезінде АХАЖ органы неке қиоға ниет білдіруші адамдарды некені тіркеу тәртібімен және шарттарымен таныстыруға, оларға болашақтағы жұбайлар және ата-аналар ретіндегі міндеттері мен құқықтары туралы түсіндіруге, екеуінің өзара келісімі бойынша дәрігерлік тексеруден, сондай-ақ некеге тұрушылардың неке кезіндегі және некенің бұзылуы жағдайындағы мүліктік құқықтары мен жұбайлық міндеттерін анықтайтын некелік шарт жасасу құқығы туралы хабардар екендігіне көз жеткізуға тиіс.

Некеге тұрушылар некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайларды жасырып қалудың жауапкершілігі туралы міндетті түрде ескеертіледі.

Некелесушілердің ортақ балалары болса, АХАЖ органдары оларға сондай-ақ әке болуды анықтау туралы түсініктеме беруі тиіс.

Некеге тұруши адамдар мыналарды ұсынуға тиіс:

- 1) жеке басын күэландыратын құжаттарды;
- 2) некеге тұруға кедергілердің жоқтығы туралы қолхат;
- 3) денсаулықтары туралы өзара хабарлығы туралы қолхат;
- 4) балалары бар екендігі туралы мәліметтер.

Бұрын тіркелген некеде тұрган адамдар (сонымен бірге шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар) АХАЖ органына бұрынғы некенің тоқтатылғандығын растайтын құжаттар: некенің бұзылуы туралы күелікті, жұбайының қайтыс болғандығы жөнінде күелікті не некені жарамсыз деп тану туралы Қазақстан Республикасының елшіліктерінде және консулдық мекемелерінде немесе Сыртқы істер министрлігінің консулдық қызмет көрсету Департаментінде

зандастырылған сот шешімін ұсынуға тиіс.

Анықтамада шетел азаматының тегі, аты, әкесінің аты толық көрсетіледі (егер шетел азаматының паспортында әкесінің аты көрсетілмесе, ол некелесуге арналған құжаттарда да көрсетілмейді).

Анықтама мәтінінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалған аудармасы нотариалды куәландырылуға тиіс. Аударманы бұл адам азаматы болып табылатын мемлекеттің (азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұратын елінің) консулдығы (елшілігі) немесе осы мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі де

куәландырылуы мүмкін.

Некенің тоқтатылғанын айғақтайтын шетел сотының шешімі не басқа құжат Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс жердегі консулдық мекеме, шетел азаматы болып табылатын мемлекеттердің (азаматтығы жоқ адамдар тұрақты тұратын елдің) консулдығы (елшілігі) не осы мемлекеттің Ішкі істер министрлігі куәландырған не нотариат арқылы куәландырылған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге ұсынылуға тиіс.

71. Бір атадан және бір анадан тараған туыстар арасында (ата-аналары және балалары, атасы, әжесі және немерелері), толыққанды және толық емес (ортақ әкесі немесе анасы бар) ағалы-інілілер және апалы-сіңлілер, сондай-ақ бала (қыз) асырап алушылар мен бала (қыз) асырап алынушылар арасындағы некеге тыйым салынады.

Сонымен қатар, сот ең болмаса біреуін жүйке ауруының немесе ақыл-есі кемістігі салдарынан әрекет қабілеттігі жоқ деп таныған адамдар арасындағы

некеге жол берілмейді.

72. Егер некеге тұру жөніндегі арыз әскери қызметшілердің қызмет атқару орны бойынша берілсе, онда әскери немесе мекеме орналасқан мекен әскери қызметшінің түрғылықты орны болып есептеледі.

73. Егер қандай да бір себептермен АХАЖ органына арыз беру кезінде некеге тұрушылардың екеуінің қатысуы мүмкін болмаса немесе өте қыын болса (бір-бірінен алыста тұруы, ауыр науқасты болуы, әскери қызмет атқару және тағы басқа), некеге тұратын екеуінің қолы қойылған арызды біреуінің тапсыруына болады. Бұл жағдайда қатынаспайтын адамның қолы бірлескен арыз беру кезінде нотариалды куәландырылуы тиіс. Бұған қоса, қойылған қолды АХАЖ бөлімінің бастығы немесе тіркеуді жүргізетін селолық әкімшіліктің лауазымды адамы куәландыра алады; шетелде жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының қолын - Қазақстан Республикасы консулдығының лауазымды адамы; әскери қызметшілердің қолдарын - тиісті әскери бөлімнің командирі; Қазақстан Республикасының жалауымен жүзіп жүрген теңіз кемелерінде немесе ішкі

сулардағы кемелердегі Қазақстан Республикасы азаматтарының қолдарын - сол кемелердің капитандары; барлау, арқикалық және басқа осы секілді экспедицияларда жүрген азаматтардың қолдарын - сол экспедициялардың бастықтары; тұрақты емдеу-сауықтыру мекемелерінде емделуші азаматтардың қолдарын - сол мекемелердің әкімшілігі куәландырады.

Куәландырылған арыз оның иесіне қайтарылады, ол оны неке тіркелген жердегі АХАЖ органына беру үшін некелесуши екінші адамға жібереді.

74. Некеге тұрғысы келетін адамдардың келісімі бойынша АХАЖ органы некені тіркеудің уақытын (күнін және сағатын) тағайындейдьы, ол туралы арызда, сондай-ақ арыздарды есепке алу журналында және "Неке отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленгеніндегі, арыз берген күннен бастап бір ай мерзім сақтала отырып белгі соғылады.

75. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 173-175-баптарына сәйкес ағымды мерзім арыз берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдың тиісті күні біtedі. Егер бұл жұмыс емес күнге тура келсе, онда мерзімнің біту күні келесі жұмыс күнінен бастап есептелінеді.

Тіркеу уақыты бір үй-жайдың ішінде қайтыс болуды және некені бұзуды тіркеу уақытымен сәйкес келмейтіндей етіп жүргізілуі керек.

76. Некені тіркеу уақытын белгілеу кезінде АХАЖ органы некеге тұрушылардан олардың некені салтанатты жағдайда тіркеуді қалайтынын немесе қаламайтынын анықтауы тиіс. Некені салтанатты жағдайда тіркеу тек некеге тұрушы адамдардың келісімі болғанда ғана Неке сарайының, АХАЖ органының үй-жайында, сондай-ақ АХАЖ органы мен некеге тұрушылардың келісімі бойынша басқа орында неке қию рәсімі сақтала отырып жүргізіледі.

Некені тіркеу некеге тұрушылардың тілегі бойынша туыстарының және куәлардың қатысуымен жүргізіледі. Некені қию туралы акт жазуына қол қоюшы куәлардың саны екі адамнан аспауы тиіс.

77. Некеге тұру туралы арыз АХАЖ органдарында арыздарды есепке алудың арнайы журналында тіркелуге тиіс. Онда некеге тұрушылардың тегі, аты және өкесінің аты, арызды қабылдау күн және некені тіркеу үшін белгіленген күн, соңынан некені қию туралы акт жазуының нөмірі көрсетілуі тиіс.

АХАЖ органы некеге тұру туралы арызды қабылдағанда арыз берушілердің жеке басын анықтайтын құжаттарды, арызға қоса ұсынылған құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексереді.

78. Некені қию АХАЖ органына арыз бергеннен кейін бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда АХАЖ органы некені бір ай мерзім өткенге дейін қиоға, сондай-ақ бұл мерзімді әрі кеткенде бір айға дейін ұзартуға рұққасат бере алады.

Мерзімді қысқартудың уақыты әрбір жеке жағдайда нақты мән-жайларға
б а й л а н ы с т ы а н ы қ т а л а д ы .

Ерекше мән-жайлар (жүктілік, баланың тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа ерекше мән-жайлар) болған кезде неке арыз берілген күні қылтуы мүмкін.

79. Жекелеген жағдайларда некені тіркеуді күту мерзімі тек некені тіркеу үшін кедергі жолаушының болғандаған АХАЖ органының бастамашылығымен ұзартылуы мүмкін. Неке туралы жазу жазылғанға дейін некені тіркеу үшін кедергінің барлығы туралы арыз болмаған жағдайда лауазымды адам жазуды тоқтата туруға және арыз берушіден бір айдан аспайтын белгіленген мерзімде тиісті құжаттық дәлелдемелерді ұсынуды талап етуге міндettі. АХАЖ органы мүдделі адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамашылығы бойынша қажетті тексеру жүргізе алады. Некені тіркеуді кейінге қалдыру туралы некеге туруға арыз берген адамдарға хабарланады. Некені қиюға занды кедергілер болған жағдайда АХАЖ органы оны тіркеуден бас тартады.

Егер мұндай кедергілер туралы мәліметтер расталмаса, некені тіркеу жалпы негіздерде жүргізіледі. Аталған мән-жайларды тексеру бір ай мерзімде аяқталуға тиіс.

80. Некені тіркеуді күтудің айлық мерзімін қысқарту немесе ұзарту туралы арыздарды есепке алу журналында себебі көрсетіліп, тиісті белгі соғылады.

81. Айлық мерзімді қысқарту немесе ұзарту туралы рұқсат некеге тұру туралы арызға АХАЖ органының бастығының, ал ол болмаған жағдайда - оның міндеттін атқарушы адамның бұрыштамасы түрінде беріледі.

82. Некеге тұруға ниет білдірушілер белгіленген күні АХАЖ органына дәлелді себеппен келе алмаса, некені тіркеу мерзімі олардың арызы бойынша басқа уақытқа ауыстырылады. Бұл жөнінде арызда және арыздарды тіркеу журналында белгі соғылады. Келмей қалудың себебін дәлелсіз деп табуды АХАЖ органының бастығы шешеді.

83. Неке жасын азайту туралы арызды некеге тұруға ниет білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын азайтуға қажетті тиісті құжаттармен расталған себептерді көрсете

Барлық жағдайда неке жасын азайтуға тек некеге тұрушулыардың келісімімен ғана жол беріледі, сондай-ақ неке жасына толмаған адамдар арасында тек ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың келісімімен рұқсат етіледі.

Қорытындыда нақты қандай адаммен некеге отыру үшін, кімге және қандай

мерзімге неке жасы азайтылғаны көрсетіледі. Неке қиу туралы акт жазбасындағы "Белгілер үшін" бағанасында: кімге және қандай мерзімге неке жасы азайтылды, неке жасын азайту туралы қорытындыны кім, қашан және қандай АХАЖ органы қарап бекіткені көрсетіледі.

84. Некені тіркеу тек некеге тұруши адамдардың қатысуымен ғана жүргізіледі (3 қосымшаға сәйкес), бұдан кейін АХАЖ органы неке қиу туралы қуәлік береді (10 қосымшаға сәйкес). Өкіл арқылы неке қиоға рұқсат етілмейді.

Некеге тұрушилардың біреуі АХАЖ органына ауыр науқастың салдарынан келе алмайтын ерекше жағдайда некені тіркеу ауруханада, үйде немесе басқа тиісті орында, некеге тұруға ниет білдіруші екі адамның қатысуымен, "Неке және отбасы туралы" Занда көрсетілген шарттар сақтала отырып жүргізуі мүмкін.

Некеге тұрушиның ауыр науқасының барлығы, оның АХАЖ органына келуіне кедергі келтіретіндігі медициналық анықтамамен расталып, ол арызға қоса тігілуге тиіс. АХАЖ органы үй-жайынан тыс жерде некені тіркеу туралы, сондай-ақ анықтаманы кімнің, қашан берген, оның нөмірі некені қиу туралы акт жазуының "Белгілер үшін" бағанасында көрсетіледі.

85. Егер АХАЖ органына некені қиоға занды кедергілердің барлығы туралы арыз түссе, оны тіркеу тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда арыз берушіге белгіленген мерзімде тиісті дәлелдемелерді әкелу ұсынылады. АХАЖ органы мұдделі адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамашылығымен қажетті тексеру жүргізе алады. Некені тіркеуді кейінге қалдыру туралы некеге тұру туралы арыз беруші адамдарға хабарланады. Некені қиоға занды кедергілер болған жағдайда АХАЖ органы оны тіркеуден бас тартады. Егер мұндай кедергілер туралы мәліметтер дәлелденбесе, некені тіркеу жалпы негіздерде жүргізіледі. Бұл мерзім бір айдан аса алмайды.

86. Некені қиу кезінде жұбайлар өздерінің біреуінің тегін ортақ тек ретінде өз қалаулары бойынша таңдайды не әр жұбай өзінің некеге дейінгі тегін сақтайды не өзінің тегіне жұбайының тегін қосады. Егер жұбайлардың ең болмаса біреуінің некеге дейінгі тегі қосарланған болса, тектерді қосуға жол берілмейді.

Некені тіркеуші лауазымды адам некеге тұрушиларға олардың кез келген нысандағы текті таңdap алу құқығын түсіндіруге тиіс және оларды некені қиу туралы акт жазылғаннан кейін олардың таңdap алған текті жаңадан өзгертуіне тек осы Ереженің 7-бөлімінде белгіленген тәртіппен рұқсат етілуі мүмкін.

Егер некеге тұрушилардың біреуі тегін өзгертсе, онда оған Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе ұлттық паспортының ауыстыруға жататыны түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарының және

азаматтығы жоқ адамдардың некеге тұруға байланысты тегін өзгерткені туралы ішкі істер органдарына хабарланады.

Әскерге міндettі немесе шақырылушы адам неке қиоға байланысты тегін өзгерткен жағдайда АХАЖ органы бұл туралы неке тіркелген жердегі жергілікті әскери басқару органдарына жеті күн мерзімде хабарлауға тиіс.

Ескерту. 86-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен.

87. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 9,10,11 -баптарында белгіленген неке қио шарттары бұзылғанда, сондай-ақ жалған неке қыылған жағдайда, яғни, егер жұбайлар немесе олардың біреуі отбасын құру ниетінсіз некеге тіркелсе, мәжбүрлеу бойынша неке қио жағдайында (қалыңмал, алып қашу, әменгерлік және сол сияқты), неке сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

АХАЖ органына некені жарамсыз деп тану туралы занды қүшіне енген сот шешімі келіп түскен жағдайда АХАЖ органы некені қио туралы акт жазуын жоюы (оны қиғаштап сыйып тастауы) тиіс. Бір мезгілде жазудың бет жағына "_____ бастап некені жарамсыз деп тану туралы (жылы, күні) _____ соттың шешімі негізінде жазу (соттың атауы) жойылды" деп көрсетіледі. Бұл туралы тиісті АХАЖ мұрағатына хабарланады, онда осы тәртіппен жазудың екінші данасын жою жүргізіледі.

Некені жарамсыз деп танылған жағдайда некені қио туралы куәлік қайтадан берілмейді. Қазақстан Республикасының зандарымен анықталған органдардың сұрау салуы бойынша қажет болған жағдайда некенің жарамсыз деп танылғаны көрсетіліп, некені қио туралы жазуды жою жөніндегі жазудың көшірмесі жіберіледі.

9-Тарау. Еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сottalған адамдармен некені тіркеу

88. Сотталып, еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген адамдармен некелесуді тіркеу еңбекпен түзеу мекемесі орналасқан жердегі АХАЖ органдарында Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңымен көзделген некеге тұру шарттарын сақтай отырып жүргізіледі.

89. Сотталған адам арыздың тек өзіне қатысты бөлігін ғана толтырады. Көрсетілген мәліметтер мен оның қойған қолын сотталушы жазасын өтеп жүрген еңбекпен түзеу мекемесінің бастығы тексереді және куәландырады.

90. Егер сотталған адаммен некеге тұруды қалаған адам арыз беру кезінде өзі бола алмайтын болса, оны поштамен жолдауға болады, алайда арыз бланкісіндегі

ол туралы барлық мәліметтерді оның тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органдары тексеріп, куәландыруы тиіс.

91. Сотталған адаммен некелесуді тіркеу некеге тұратын адамдардың қатысуымен еңбекпен түзеу мекемесінің әкімшілігі АХАЖ органымен келісе отырып белгілеген уй-жайда жүргізіледі.

Сотқа дейін бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған адамдармен некелесуді тіркеу АХАЖ органдарында, осы іс өндірісінде тұрган адамды немесе органды ескерткеннен кейін тергеу изоляторларында жүргізіледі.

10-Тарау. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен некелерін тіркеу тәртібі туралы

92. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы" заң күші бар Жарлығының 14-бабына сәйкес, шетел азаматтары Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеге тұра алады немесе некені бұза алады, неке және отбасы қатынастарында Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттер көтереді.

93. Арызды АХАЖ органдарына беру кезінде жеке басты куәландыратын мынадай құжаттар берілуі тиіс:

1) Қазақстанда тұрақты тұратын, немесе шетелде уақытша тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы тиісті жеке бас қуәлігін немесе ұлттық паспортын көрсетеді;

2) Қазақстаннан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы - оның шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есепке алынғаны туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар Қазақстан Республикасы азаматының ұлттық паспортын көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхатты ұсынады.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын шетел азаматы Қазақстан Республикасының ішкі істер органы белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беретін құжатты ұсынады.

4) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның қуәлігін ұсынады.

Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, ол тұратын елдің құзыретті органдары берген және

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген жарамды құжатты ұсынады.

94. Шетел азаматының паспортын (жеке басын куәландыратын құжатты) ұсынуымен қатар оның мәтінінің нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалған аудармасын беруге тиісті.

Аударма бұл адам азаматы болып табылатын мемлекеттің (азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұратын елінің) консулдығында (елшілігінде) немесе осы мемлекеттің Сыртқы істер министрлігімен де куәландырылуы мүмкін.

95. Бірқатар мемлекеттер зандарының өз мемлекеттері азаматтарының шетел азаматтарымен некелерін тек некелесетін адамдар бұған осы мемлекеттің құзыретті органының рұқсатын алған кезде ғана жарамды деп тануына байланысты, АХАЖ органы арызды қабылдау кезінде шетел азаматы соның азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органынан мұндай рұқсат алушың талап етілетін-етілмейтіндігін арыз берушілерден анықтап алуға тиіс.

Шет мемлекеттің зандары шетел азаматымен некеге отыру үшін құзыретті органнан арнайы рұқсат алушы талап еткен, ал шетел азаматында мұндай рұқсат болмаған жағдайда, АХАЖ органы арызды қабылдау кезінде некелесушілерге, және ең алдымен Қазақстан Республикасының азаматы(шасы)на, олардың некесі ол некелесетін адам азаматы болып табылатын елде жарамсыз болып танылуы мүмкін екендігін түсіндіруге тиіс.

Егер, мұндай түсіндірулерге қарамастан, арыз берушілер некенің тіркелуін талап етсе, бұл неке тіркеледі, ал некені қиу туралы актінің жазбасында некелесуші адамдар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген шетел азаматымен некелесудің тәртібі және шарттарымен таныс екендігі туралы белгі қойылады.

96. Егер Қазақстан Республикасының азаматы некелесу кезінде зайдыбының тегін алса, некені тіркеген АХАЖ органы оған жеке куәлігін немесе ұлттық паспортты, ал шетел азаматына ықтиярхатты айырбастауды ұсынады.

97. Тарихи Отанына қайтып келушілер (оралмандар) Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдамаған жағдайда ол адамдардың некелерін тіркеу жалпы тәртіппен жүргізіледі.

98. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік баж салығы туралы" Заңына сәйкес некені тіркегені үшін АХАЖ органы баж салығын алады.

99. АХАЖ органдары Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен некелерін тіркеу туралы хабарламаны, белгіленген нысан бойынша мағлұматтар банкіне мәліметтерді енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет және Ішкі істер министрлігіне жібереді.

5-Бөлім. Некенің бұзылуын тіркеу

11-Тарау. Кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некесін өзара келісім бойынша АХАЖ органдарында бұзу

100. АХАЖ органдарында некені бұзу кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша ерлі-зайыпты екеуінің немесе біреуінің тұрғылықты орны бойынша АХАЖ органына берілген ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы бірлескен арызының негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 187-бабына сәйкес, некені бұзуды тіркеу ерлі-зайыптылардың АХАЖ органына бірлесіп берген арызының негізінде екеуінің немесе біреуінің тұрғылықты жерінде жүргізіледі.

101. Некені бұзу туралы арызда ерлі-зайыптылар өздерінің некені бұзуға өзара келісімін және он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларының жоқтығын растауы тиіс. Сондай-ақ бұл деректер жұбайлардың некені бұзу туралы акт жазуында қойған қолдарымен расталады.

Егер арыз берген сэтте олардың он сегіз жасқа кәмелетке толмаған туған не олар асырап алған ортақ балалары бар болса, АХАЖ органдары жұбайлардың арызын қабылдауға құқылы емес. Бұл ретте бала асырап алушы жұбайлардың сол балалардың ата-анасы ретінде жазылған-жазылмағаны да маңызды емес. Мұндай жағдайларда некені бұзу сот тәртібімен жүргізіледі. Жұбайлар арасындағы некені бұзу, егер олардың біреуінің бұрынғы некеден жұбайы асырап алған кәмелетке толмаған балалары бар болса да, сот тәртібімен жүргізіледі.

102. Егер некені бұзуға келіскең жұбайлар арасында олардың ортақ меншігі болып табылатын мұлікті бөлісу туралы енбекке жарамсыз, мұқтаж жұбайды асырау үшін төлем төлеу туралы дау болса, некені бұзу туралы мәселе сотта қаралады.

103. Егер жұбайлардың бірі өзінің ажырасуға қарсылығы жоқтығына қарамастан некені АХАЖ органдарында бұзудан бұлтарса (тиісті арызды беруден бас тартса немесе оны бергенімен ажырасуды тіркеу үшін келгісі келмесе, ол жоқ кезде ажырасуды тіркеуге арыз білдірмесе) немесе екінші бір жұбайдың тұратын жері белгісіз болса, онда некені бұзу сот тәртібімен жүргізіледі.

104. Некені бұзу туралы арызға некеге тұру туралы куәлік қоса беруге тиіс. Егер бұл куәлік жұбайларда жоқ болып, АХАЖ органында некеге тұру туралы акт көшірмесі сақталмаған болса, акт жазуын қайта қалпына келтіру талап етіледі .

105. Некені бұзуды тіркеу (7 қосымшаға сәйкес) мен жұбайларға некенің бұзылуы туралы куәліктер беруді (11 қосымшаға сәйкес) АХАЖ органдары жұбайлар ажырасу туралы арызды берген күннен бастап бір ай өткеннен кейін жүргізеді. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 187 -бабымен белгіленген бұл мерзім қысқартылуы мүмкін. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мерзімді есептеген кезде мына ережелерді басшылыққа алу қажет: айлық мерзім ағымы АХАЖ органына арыз берілгеннен кейінгі келесі күннен басталып, екінші айдың тиісті күні аяқталады. Егер бұл күн демалыс күнімен тұспа-тұс келсе, одан кейінгі келесі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

106. Егер жұбайлар өздеріне белгіленген күні некені бұзуды тіркеу үшін АХАЖ органына келе алмайтын болса, олар некені бұзу туралы арызды АХАЖ органына қайтадан бере алады. АХАЖ органы ажырасуды тіркеу үшін қайтадан бір айлық мерзім белгілейді.

107. Жаңа айлық мерзімді тағайындау туралы мәселені арыз берілген жердегі азаматтық хал актілерін тіркейтін АХАЖ органының бастығы, (консулдықтың лауазымды адамы) шешеді.

108. Некені бұзу тіркелгеннен кейін тараптардың әрқайсысына некені бұзу туралы куәлік беріледі.

12-Тараяу. Жұбайлардың бірінің арызы бойынша некені бұзу

109. АХАЖ органына жұбайлардың бірінің берген арызы бойынша мынадай жағдайларда неке бұзылады, егер екінші жұбай:

- 1) сот арқылы хабарсыз кеткен деп танылса;
- 2) сот жүйке ауруынан немесе ақыл-есінің кемдігінен әрекет қабілеті жоқ деп танылса;
- 3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас еркінен айыруға сотталса.

Некені жоғарыда аталған жағдайларда бұзы жұбайлардың көмелетке толмаған балаларының бар жоғына қарамастан жүргізіледі.

110. Некені бұзуды тіркеу сәтінде бас бостандығынан айыру орындарында отырған адаммен некені бұзу егер ол некені бұзу туралы арыз берілген сәтте де бас бостандығынан айыру орындарында отырса, некені бұзу Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 16-бабымен көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

111. Әрекет қабілеті жоқ жұбайдың қамқоршысы егер екінші бір жұбай заңмен белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп не әрекет қабілеті жоқ деп танылса, немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас еркінен айыруға сотталған болса, АХАЖ органына некені бұзу туралы арыз беруге құқылды.

112. Қылмыс жасағаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айыруға сотталған адамдармен некені бұзу егер сотталған адам жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жатқан жағдайда ғана АХАЖ орнадарында жүргізіледі.

113. Некені бұзу туралы арызға екінші жұбайды хабарсыз кеткен немесе жүйке ауруынан немесе ақыл-есінің кемдігінен әрекет қабілеті жоқ деп тану туралы заңды құшіне енген сот шешімінің көшірмесі немесе үзіндісі, екінші жұбайдың үш жылдан кем емес мерзімге сотталғандығы туралы заңды құшіне енген сот үкімінің көшірмесі немесе үзіндісі, некені қиу туралы қуәлік қоса беріледі. Мұндай қуәлік болмаған жағдайда осы Ереженің 120-тармағымен көзделген ережелер қолданылады. Соттың адамды әрекет қабілеті жоқ деп танығандығы туралы шешімінің орнына медициналық анықтамалар берілген арыздарды қабылдауға жол берілмейді.

Арызданушы арызында сотталған жұбайының, әрекет қабілеттілігі жоқ жұбайдың қамқоршысының, сондай-ақ хабарсыз кеткен жұбайдың мүлкіне бас-көз болатын қамқоршының пошталық мекен-жайын хабарлауы тиіс.

114. Арызды қабылдаған АХАЖ органы бас бостандығынан айыру орындарында отырған жұбайды не әрекет қабілеті жоқ жұбайдың қамқоршысын, не хабарсыз кеткен жұбайдың мүлкіне қамқорлық етуші қамқоршыны алғаннан кейін он бес күндік мерзімді белгілей отырып келіп түскен арыз туралы бір апта мерзім ішінде хабардар етуге міндетті.

Хабарламада оны алушы АХАЖ органына он бес күндік мерзімнен кешіктірмей оның балалары туралы, ортақ бірлескен меншігі болып табылатын мүлікті бөлісу туралы, еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайды асырауға қаражат төлеу туралы даудың бар-жоғы туралы, оның некені бұзғаннан кейін қандай текпен (өзінің некеге дейінгі немесе жұбайының тегін қалдырғысы келетіндігі) аталғысы келетіндігін көрсетуі тиіс.

АХАЖ органы арыз берушіге тиісті хабарламаның жіберілгендейтін туралы, сондай-ақ хабарламаға жауап алудың белгіленген мерзімі туралы хабарлайды. Жауап алу үшін белгіленген мерзім есепке алына отырып, арыз берушіге некені бұзуды тіркеу үшін АХАЖ органына келу ұсынылады.

Даудың жоқтығы туралы хабар алынған кезде, сондай-ақ сотталған адамнан немесе әрекет қабілеті жоқ жұбайдың қамқоршысынан, хабарсыз кеткен жұбайдың мүлкіне бас-көз болатын қамқоршыдан он бес күндік мерзімде жауап алынбаған кезде, АХАЖ органы арыз берушінің қатысуымен некені бұзуды тіркеуі тиіс.

115. Егер АХАЖ органына бас бостандығынан үш жылға дейінгі мерзімге сотталған жұбаймен некені бұзу туралы арыз келіп түссе, онда келіп түскен арыз туралы сотталған адамға жіберілетін хабарламамен қатар АХАЖ органы еңбекпен түзеу мекемесінің әкімшілігінен сотталған адамның хабарламаны алған сэтте бас бостандығынан айыру орындарында отырғандығын, сондай-ақ оған некені бұзу туралы арыздың келіп түскендігі туралы АХАЖ органының хабарламасының табыс етілгенін белгіленген мерзімде растауын өтінуге тиіс.

Егер белгіленген мерзімге сотталған адамның бас бостандығынан айыру орындарында отырғандығын растайтын жауап келіп түспесе, некені бұзуды тіркеу кейінге қалдырылады, ал еңбекпен түзеу мекемесіне ескертпе жіберіледі.

116. АХАЖ органы жұбайдың бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы хабарды алған жағдайда, АХАЖ органы бұл туралы арыз

берушіге хабарлап, арызға белгі соғады. Бұл жағдайда некені бұзу жалпы тәртіпте жүргізіледі. Ол туралы арыз берушіге түсіндіріледі.

117. Егер бас бостандығынан айыру орындарында отырған жұбай немесе әрекет қабілеті жоқ жұбайдың қамқоршысы балалар туралы, жұбайлардың ортақ бірлескен меншігі болып табылатын мұлікті бөлісу туралы дау қозгаса немесе еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайды асырауға қаражат төлеу туралы дауласса, онда некені бұзу сот тәртібімен жүргізіледі.

118. Некені бұзуды тіркеу үшін арызданған жұбайдан мемлекеттік баж
ендириліп алынаады.

119. Сотталған адамдармен некені бұзуды тіркеудің заңмен белгіленген ерекше тәртібі сотталғандардың өзіне некені осындаған тәртіппен бұзу туралы мәселені қоюға құқық бермейді. Сотталған адамдардың арыздары бойынша некені бұзу жалпы негіздерде жүргізіледі.

120. Егер АХАЖ органы хабарсыз кеткен деп танылған жұбаймен неке бұзуды тіркеген, ол келген және оны хабарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімі бұзылған жағдайларда, АХАЖ органы осы жұбайдың арызы бойынша оған және басқа жұбайға некені бұзудың сол күні көрсетілген некені бұзу туралы күәлік беруге тиіс.

13-тарау. Некені бұзу кезіндегі оның тоқтатылу сәті

121. АХАЖ органдарында бұзылатын неке азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің бұзылғандығы мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап, ал неке сотта бұзылған жағдайда - соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

122. Некенің бұзылуын тіркеу соттың некені бұзу туралы шешімінен кейін өткен мерзімге қарамастан жүргізіле алады.

123. Заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде некені бұзуды тіркеу сот шешім шығарған жердегі АХАЖ органында заңды күшіне енген некені бұзу туралы сот шешімінің көшірмесінің және сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын соманың төленгені туралы түбіртектің негізінде жүргізіледі.

Соттың некені бұзу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде сот шешімінің көшірмесі некені бұзуды тіркеу үшін шешім шығарылған жердегі АХАЖ органына, сондай-ақ оның бұзылғаны туралы белгі

согу үшін некені қиуды тіркеу орны бойынша жіберіледі.

124. Соттың некені бұзу туралы шешімін алған АХАЖ органы оны соттың некені бұзу туралы шешімін тіркейтін журналға тіркеуге міндettі, ал тіркеу азамат арыз білдірген және ол мемлекеттік бажды төлегені туралы тұбіршекті ұсынған кезде жүргізілуге тиіс. Бұл туралы некені бұзу туралы сот шешімін есепке алу журналында белгі соғылады.

Соттың шешімдерінің көшірмесін есепке алу журналы алфавит тәртібімен жасалып, онда жұбайлардың екеуінің де аты, тегі, әкесінің аты, сот шешімінің күшіне енген және оның АХАЖ органында тіркелген мерзімі көрсетіледі.

125. Егер АХАЖ органында басқа жұбайдың неке бұзуды тіркеп қойғаны белгілі болса, онда келіп түсken арызды АХАЖ органы шешім көшірмесімен (үзіндімен) және мемлекеттік бажды төлегендігі туралы тұбіршекпен қоса некені бұзу туралы акт жазбасы тұрған орын бойынша оны жетіспей жатқан мәліметтер мен толықтыру үшін акт жазбасы жазылған АХАЖ органына жібереді.

Мұндай материалдарды алған АХАЖ органы ажырасу туралы акт жазбасын толықтырып, арызданушы тұратын жердегі АХАЖ органына оған басқа жұбайдікіндей неке бұзу күні көрсетілген некені бұзу туралы куәлікті табыс ету үшін жіберу міндетті.

Акт жазбасын толықтырғаннан кейін бұл туралы АХАЖ органы некені бұзу туралы акт жазбасының екінші данасы тұрған мұрағатқа хабарлауы тиіс.

126. Егер некені бұзуды бір жұбай тіркейтін болса, онда акт жазбасын жасаған кезде оған осы жұбайға қатысты барлық қажетті мәліметтер енгізіледі. Екінші бір жұбайға қатысты тек некені бұзғанға дейінгі тегі, аты, әкесінің аты, туган уақыты және соттың шешімі бойынша осы жұбай төлеуге тиіс мемлекеттік бажды сомасығана көрсетіледі.

Бұл жағдайда некені бұзу туралы қуәлікте тек ажырасуды тіркеген жұбайға некені бұзғаннан кейін берілген тегі көрсетіледі.

127. Ерлі-зайыптылар мемлекеттік бажды сот шешіміне сәйкес төлеуге тиіс. Егер сот мемлекеттік бажды төлеу міндетін ерлі-зайыптылардың екеуіне жүктесе, онда некені бұзуды тіркеу жұбайлардың кез-келгенінің арызы бойынша жүргізіледі, бірақ некені бұзу туралы қуәлік тек оған тиесілі бажды төлеген жұбайға беріледі. Екінші жұбайға некені бұзу туралы қуәлік ол мемлекеттік бажды төлеп, тұбіршегін көрсеткеннен кейін беріледі.

Жұбайлардың бірі сотпен белгіленген мемлекеттік бажды сомасын төлеген немесе бұл соманы төлеуден босатылған жағдайда некені бұзуды тіркеу басқа жұбайдың мемлекеттік бажды төлемегеніне қарамастан жүргізіледі.

128. АХАЖ органы некені бұзу туралы арызды алған соң, арызданушының жеке басын қуәландыратын құжатты, арызбен қоса тапсырылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және осы арызды тіркейді.

Егер некені бұзу туралы арыз әскери қызметшінің қызметін өтеу орны бойынша АХАЖ органына берілетін болса, онда әскери қызметшінің тұратын орны тиісті әскери бөлім немесе мекеме орналасқан пункт болып табылады.

129. Некені бұзуды тіркеу бір ғана АХАЖ органында жүргізілуі тиіс. Әрбір некені бұзуға бір акт жазуы жазылады. Акт жазуы арызданушының құжаттарына толық сәйкестікте жазылады. 12-бағанада (он сегіз жасқа дейінгі балалардың жалпы саны) сот шешімінің (сот шешімінен үзінді) негізінде толтырылады.

130. Арызданушының құжаттарында аталған жерде тұрақты тұрған уақыты туралы мәліметтер болмаған кезде, бұл мәліметтер арызданушының айтуы бойынша жазып алынады. Білімі, жұмыс орны және қызметі туралы деректер арызданушының айтуымен көрсетіледі.

131. Некені бұзуға байланысты шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың тектерінің өзгертілгендігі туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне хабарланады.

132. Некені бұзуға байланысты әскерге міндettі немесе шақырылуыш адамның тегі өзгертілген кезде АХАЖ органы «Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Заңға сәйкес бұл туралы некенің бұзылғаны тіркелген жердегі жергілікті әскери басқару органдарына жеті күн мерзімде хабарлауы тиіс.

Ескеरту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736
Қаулысымен.

133. Ажырасуды тіркеу кезінде жұбайға оның қалауы бойынша (әрекетке қабілеті жоқ жұбайға қатысты - қамқоршының қалауы бойынша) тіркеу кезінде некеге дейінгі тегі беріледі.

134. Некенің бұзылуын тіркеген АХАЖ органы, некені қиу туралы акт жазбасы орналасқан жердегі АХАЖ органына ажырасу туралы хабарлама ж о л д а у ы т и і с .

Осындай хабарлама алған соң, АХАЖ органы некені қиу туралы акт жазуының "Белгілер үшін" деген бағанасында некені бұзы қашан және қай АХАЖ органында тіркелгендігін, ажырасу туралы акт жазуының нөмірін көрсетіп, некенің бұзылғандығы туралы белгі соғады. Сонымен бір мезгілде жазудың бірінші бетінің жоғарғы жағында "Неке бұзылды" деп көрсетілуі тиіс.

Осындай белгі соғылғаннан кейін АХАЖ органы некені қиу туралы акт жазуының екінші данасы жатқан АХАЖ мұрагатына некенің бұзылуды туралы

хабарлама жолдайды. Ол АХАЖ органы сияқты осындай тәртіппен жазбаның екінші данасына белгі соғады.

135. Егер АХАЖ органы некені бұзуды тіркесе, бұл туралы неке туралы акт жазуының белгісі болса, онда АХАЖ органы некені қио туралы күелікті қайтадан беруге құқылы емес. Қажет болған жағдайда, мәселен, бұрынғы жұбайларға некеге дейінгі тектерін растау үшін арызданушының сұрауы бойынша АХАЖ органы аталған адамның некеде тұрғанын, содан соң оның бұзылғанын растайтын анықтама жолдайды. Анықтамада екі жұбайдың да тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, оларға неке қылғаннан кейін берілген тек, некенің тіркелген күні, некені тіркеген АХАЖ органы, некені қио туралы акт жазуының нөмірі, сондай-ақ неке бұзуды тіркеген күн, ажырасуды тіркеген АХАЖ органы, некені бұзу туралы акт жазуының нөмірі және жұбайлардың некені бұзғаннан кейінгі тегі көрсетілуі тиіс.

136. Некені бұзу туралы сот шешімін жоғары тұрған сот өзгерткен жағдайда, егер ол АХАЖ органында тіркеліп қойған болса, некені бұзу туралы акт жазуы сот шешімімен жойылуы мүмкін. Акт жазуының күші жойылғандығы туралы "Белгілер үшін" деген бағанада шешімді қашан және қай соттың шыгарғандығы көрсетіліп, белгі соғылады.

Сонымен бірге акт жазуының бірінші бетінің жоғарғы жағында "Жазудың күші жойылды" деп көрсетіліп, жазу қиғашынан сызылып тасталады.

Басқа жағдайларда сот шешімі бойынша акт жазуларының күшін жою осындай тәртіpte жүргізіледі.

Некені бұзу туралы акт жазуының күші жойылғандығы туралы жазудың екінші данасына осындай тәртіpte белгі соғуға тиісті АХАЖ мұрағатына хабарланады.

Некені қио туралы акт жазуының бірінші данасына да екінші данасына да некені бұзу туралы акт жазуы күшін жойған жағдайда ажырасу туралы акт жазуының күші жойылғандығы туралы ("Белгілер үшін" деген бағанада) және жазуының бірінші бетінің жоғарғы жағына белгі соғылады.

137. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен некелерін және Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының өз араларындағы некелерді бұзу сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерде жасалған ажырасуларды тану Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 204-бабымен реттеледі.

6-Бөлім. Бала асырап алууды тіркеу

15-тарау. Жалпы ережелер

138. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 77, 190, 191-баптарына сәйкес бала (қыз) асырап алу бала (қыз) асырап алу туралы соттың шешімі шығарылған жердегі АХАЖ органдарында міндettі түрде тіркеу жатады.

Бала (қыз) асырап алу туралы заңды күшіне енген шешімді сот үш күндік мерзімде шешім шығарылған жердегі АХАЖ органына жібереді. Бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасының мазмұнын сот шешімі анықтайды, онда сондай-ақ асырап алғынған баланың (қыздың) тууы туралы акт жазбасына нақты қандай өзгерістер енгізілгені көрсетіледі.

139. Бала (қыз) асырап алууды тіркеу бала (қыз) асырап алушылардың немесе солардың бірінің арызы бойынша, ал мұндай арыз болмаған жағдайда бала (қыз) асырап алу туралы соттан алғынған шешімнің көшірмесінің негізінде жүргізіледі. Бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін (соттың жолдама хатымен қоса немесе онсыз) АХАЖ органы соттың күшіне енген шешімнің көшірмесін алған сәттен бастап үш күндік мерзімнен кешіктірмей бала (қыз) асырап алууды тіркейді.

Жазбаның 19-бағана асында "Тіркеу соттың шешімі бойынша жүргізілді" деген белгі соғылады, ал егер бала (қыз) асырап алу туралы шешім жолдама хатпен бірге келіп түссе, онда сондай-ақ осы хаттың нөмірі және күні көрсетіледі.

Егер акт жазбасы (5 қосымшаға сәйкес) сот шешімінің негізінде жасалса, онда бала асырап алууды тіркеу туралы арыз келіп түскен кезде ол жетіспей жатқан мәліметтермен толықтырылады, ал бала асырап алушыға бала асырап алу туралы куәлік (13 қосымшаға сәйкес) және қажет болған жағдайда баланың тууы туралы жаңа куәлік беріледі.

140. Бала (қыз) асырап алууды тіркеу туралы арыздар жазбаша нысанда жазылуды тиіс.

Бала (қыз) асырап алууды тіркеу кезінде арыз берушілер лауазымды адамның қолымен және сот мөрімен куәландырылған бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімінің көшірмесін, сондай-ақ асырап алғынған баланың (қыздың) тууы туралы куәлігін ұсынуы тиіс. Егер бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімі алынып қойған болса, оны арызданушыдан талап етудің қажеті жоқ.

141. Асырап алынған баланың (қыздың) тууы туралы акт жазбасы жоғалған жағдайда, бала (қыз) асырап алуды тіркеу осы Ереженің 9-бөліміндегі тәртіпте қайта қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

Жоғалған жазуды қайта қалпына келтіру туралы арызды АХАЖ органына бала (қыз) асырап алған адамдар, ата-ана (егер сот шешімі бойынша оның балаға қатысты құқықтары мен міндеттері сақталатын болса), қорғаншылық және қамқоршылық органы, он алты жасқа толған асырап алынған баланың (қыздың) езі, сондай-ақ баланы тәрбиелеп жатқан адамдар мен мекемелер бере алады.

142. АХАЖ органы бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімі шығарылғаннан кейін өткен мерзімге, асырап алынған баланың (қыздың) тіркеу сәтіндегі жасына қарамастан бала асырап алуды тіркеуге міндетті.

Бала (қыз) асырап алушылар тұратын орнын өзгерткен немесе басқа елді мекенде тұрып, ол жерден бала (қыз) асырап алу шешімі шығарылғаннан кейін оны АХАЖ органында тіркеместен шығып кеткен жағдайларда, бала асырап алуды тіркеу баланы (қызды) асырап алушылардың тұратын жеріндегі АХАЖ органы арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімі және жазба түсіру үшін қажетті бала (қыз) асырап алушылар туралы мәліметтер бала (қыз) асырап алу туралы шешім шығарылған жердегі АХАЖ органына қайта жіберіледі.

АХАЖ органы бала (қыз) асырап алуды тіркеу үшін материалдарды алғаннан кейін, бала (қыз) асырап алу туралы жазба түсіріп, табыс ету үшін бала (қыз) асырап алушылардың тұратын жеріндегі АХАЖ органына бала асырап алу туралы күәлік жібереді.

Акт жазбасының 22-бағанасында "Тіркеу АХАЖ (АХАЖ органы атауы) бөліміне келіп түскен материалдар бойынша жүргізілді" деген белгі соғылады.

143. Бала (қыз) асырап алуды тіркеу кезінде бекітілген нысан бойынша екі дана етіліп бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасы жасалады.

Бала (қыз) асырап алу туралы күәлікті баланы (қызды) асырап алушылардың қалауы бойынша АХАЖ органы береді. Егер олар күәлікті алудан бас тартса, онда 21-бағанаға тиісті белгі соғылады.

144. Бала (қыз) асырап алу туралы акт жазуы былайша жасалуы тиіс:

1-6-бағаналарында асырап алынған бала (қыз) туралы мәліметтер "Бала (қыз) асырап алғанға дейін" деген бөлімде баланың тууы туралы күәлігі бойынша, ал "Бала (қыз) асырап алғаннан кейін" деген бөлімде соттың бала (қыз) асырап алу туралы шешімімен толық сәйкестікте көрсетіледі;

әкесі мен анасы туралы мәліметтер (7-11-бағаналар) баланың тууы туралы күәлігі бойынша жазылады, егер баланың анасы бала (қыз) асырап алғанға дейін

бала (қыз) асырап алушымен некеге тұрып, оның тегін қабылдаса, онда 7-бағанада ананың некеге дейінгі тегі, ал 22-бағанада некенің тіркелген орны және күні, акт жазбасының нөмірі, сондай-ақ анасының некеден кейінгі тегі

көрсетіледі;

бала (қыз) асырап алушылар туралы мәліметтер (12-17-бағаналар) бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімінің, бала (қыз) асырап алушылардың жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жазылады; бала (қыз) асырап алу туралы шешімде бала (қыз) асырап алушылардың ұлты мен жеке басын куәландыратын құжаттар көрсетілмеген жағдайларда, 15-бағана толтырылмайды. Кейіннен бұл бағананы азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және қүшін жою тәртібін белгілейтін осы Ережеде көзделген тәртіп бойынша жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде АХАЖ органы толтыра

а л а д ы .

Бала (қыз) асырап алушылар 20-бағанада, әрқайсысы өз бөлімінде қолдарын қояды.

145. Егер асырап алу туралы соттың шешімінде көрсетілген асырап алынған бала (қыз) туралы мәліметтер тууы туралы куәлікте бар осындай мәліметтерге сәйкес келмесе немесе асырап алушылардың жеке бастарын куәландыратын құжаттардағы мәліметтер соттың асырап алу туралы шешіміндегі жазылған жазбамен сәйкес келмесе асырап алуды тіркеу кейінге қалдырылады.

Асырап алушыларға шешімдегі осы мәліметтерді анықтап алу үшін тиісті сотқа арыздану ұсынылады.

146. Тек ер адам (әйел адам) бала (қыз) асырап алушы болып табылатын болса, осыған сәйкес акт жазбасының бір ғана беті (12-17-бағаналар) толтырылып, екінші беті толтырылмастан ашиқ қалдырылады.

147. 18-бағанада ("Бала (қыз) асырап алушылар баланың ата-анасы болып жазыла ма"?) сот шешіміне сәйкес "Иә" немесе "Жоқ" деп көрсетіледі.

148. Бала (қыз) асырап алу туралы жазбаның негізінде АХАЖ органы сол күні баланың тууы Турагы актінің жазбасына қажетті өзгертулерді енгізу үшін, ал асырап алынған баланың (қыздың) тууы туралы акті жазбасының екінші данасына осындай өзгерістерді енгізу үшін аумақтық әділет органдарындағы АХАЖ мұрағатына хабарлама жіберіледі. Хабарламада туу туралы акт жазбасына қандай нақтылы өзгертулер (соттың бала (қыз) асырап алу туралы шешіміне сәйкес) енгізілуге тиісті екені туралы анық көрсетіледі.

Бала (қыз) асырап алушыларға асырап алынған баланың (қыздың) тууы туралы жаңа куәлігі заңға сәйкес беріледі, ал бұрынғы куәлік заңмен белгіленген тәртіpte жойылады.

149. Егер туу туралы акт жазбасы басқа жерде болса, осы жазбаның бірінші данасы жатқан жеріндегі АХАЖ органына бала (қыз) асырап алуды тіркеуге

байланысты оған өзгертулар енгізу қажеттілігі және бала (қыз) асырап алушыға түу туралы жаңа күелік жіберілуі керектігі туралы хабарлама жіберіледі.

Хабарламаны алғаннан кейін АХАЖ органы, туу туралы акт жазбасына барлық қажетті өзгертулерді енгізіп, бала (қыз) асырап алушыға табыс ету үшін тууы туралы жаңа күелік жіберуі тиіс.

Сонымен қатар, осы АХАЖ органы туу туралы акт жазбасының екінші данасына өзгертулер енгізу үшін аумақтық әділет органындағы АХАЖ мұрағатына хабарлама жолдайды.

150. Бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасына сәйкес баланың тууы туралы акт жазбасына өзгерту енгізілген кезде (яғни, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен туған жері, ата-анасы туралы мәліметтер өзгертилген кезде) мұндай өзгертуге негіздеме үшін 24-бағанада бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасы көрсетіледі (бала (қыз) асырап алуды тіrkеген АХАЖ органының, акт жазбасының нөмірі мен күні).

Өзгертуге жататын мәліметтер ұқыптап сыйылып тасталады да жоғарғы жағынан жаңа мәліметтер жазылады. Бұл қажет болған жағдайда сыйылып тасталған сөздерді оқуға болатындей етіп жасалады.

151. Асырап алу туралы шешіммен асырап алғанған баланың (қыздың) туған жері өзгертилген жағдайда асырап алу туралы шешімде көрсетілген туған жері бойынша АХАЖ органында баланың тууы туралы жаңа акт жазбасы жасалады.

Бұл жағдайда бала (қыз) асырап алуды тіrkеген АХАЖ органы сот шешіміне сәйкес туу туралы жаңа акт жазбасын жасауға тиіс АХАЖ органына хабарлама жолдайды. Бұл жазба ағымдағы жылда қайта қалпына келтірілген туу туралы актілерді тіrкеу кітабында жасалады, ал 15-бағанада оны жасауға негіздеме үшін бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімі (соттың атауы мен шешімінің күні), сондай-ақ бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасы (бала (қыз) асырап алуды тіrkеген АХАЖ органы, акт жазбасының нөмірі және күні) көрсетіледі.

24-бағанада жаңадан жазылған туу туралы акт жазбасында, жазылған туу туралы бастапқы акт жазбасының орны, жазбаның нөмірі мен уақыты көрсетіледі

Асырап алғанған баланың (қыздың) тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ оның ата-анасы туралы деректер бала (қыз) асырап алу туралы сот шешіміне сәйкес жазып алынады.

Туу туралы жаңа акт жазбасы жасалған жағдайда, арызданушыға оның етініші бойынша асырап алған баланың (қыздың) тууы туралы күелігі беріледі.

152. Асырап алғанған балаға (қызға) тууы туралы жаңа акт жазбасы жасалғаннан кейін АХАЖ органы бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасының бірінші данасы жатқан АХАЖ органына да, туу туралы актінің бастапқы

жазбасының тұрған орны бойынша АХАЖ органына да хабарлама жолдауы тиіс.

Мұндай хабарламаны алған соң, АХАЖ органы жоғарыда аталған акт жазуларына қажетті өзгертулерді енгізеді, ал "Белгілер үшін" деген бағаналарда тууы туралы жасалған жаңа акт жазбасының орнын, оның нөмірі мен күнін көрсетуі тиіс. Бұдан басқа, туу туралы бастапқы акт жазбасының "Белгілер үшін" деген бағанасында бала (қыз) асырап алу туралы шешім шығарған сottың атауы және шешімнің күні көрсетіледі.

Осы жазбалардың екінші даналары жатқан аумақтық әділет органындағы АХАЖ мұрағатына туу туралы жаңа акт жазбасын жасаған АХАЖ органы оларға да дәл осындай өзгертулер енгізу үшін хабарлама жолдайды.

153. Бала (қыз) асырап алу туралы шешіммен асырап алынған баланың (қыздың) туған күнін өзгерткен кезде АХАЖ органы тууы туралы актілер жазуында туған күнін өзгерте отырып, тууы туралы актіні тіркеу күнін де өзгертеді - бірақ ол алты айдан аспауы керек.

Бала (қыз) боп алынушының туған күнін өзгертуге бала (қыз) боп алынушы үш жасқа толғанға дейін жол беріледі.

24-бағанада тууы туралы күнді өзгерту үшін негіздеме болып бала (қыз) асырап алу туралы сottың шешімі (sottың атауы мен сottың шешімнің күні) мен бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасы (бала (қыз) асырап алу тіркелген АХАЖ органы акт жазбасының нөмірі мен күні) көрсетіледі.

154. Бала (қыз) асырап алу туралы бұрын шығарылған шешімге толықтыру ретінде сот жаңа шешім шығарған жағдайда соған байланысты заңға сәйкес бала (қыз) асырап алушылар асырап алынған баланың (қыздың) ата-аналары ретінде жазылуға тиісті не баланың тегі, аты және әкесінің аты, оның туған күні мен жері өзгертіледі, АХАЖ органының асырап алған баланың (қыздың) тууы туралы актілердің бұрынғы жазбасына өзгертулер енгізуден бас тартуға құқығы жоқ.

Тек бала (қыз) асырап алу туралы шешім шығарған сот қана осындай қосымша шешім шығаруға құқылы.

Бұл ереже бала (қыз) асырап алу туралы қосымша шешім шығарылғаннан кейін тіркелген жағдайда да қолданылады.

155. Егер бала (қыз) асырап алу туралы шешімде асырап алынған баланың (қыздың) тегін, атын, әкесінің атын, туған жері мен күнін өзгертуі туралы не ата-аналары туралы деректер айттылmasa АХАЖ органы тек бала (қыз) асырап алу туралы акт жасауға және бала (қыз) асырап алушыға бала (қыз) асырап алу туралы күәлік беруге тиіс. Сонымен қатар асырап алынған баланың (қыздың)

тууы туралы акт жазбасында бала (қыз) асырап алуды тіркеу туралы белгі с о ф ы л а д ы .

156. Бұл жағдайда, бала (қыз) асырап алу туралы шешімде бала (қыз) асырап алушылар туу туралы актілерді тіркеу кітабында асырап алынған баланың (қыздың) ата-аналары ретінде жазылуға тиіс екендігі айтылмаса, АХАЖ органы асырап алынған баланың (қыздың) тууы туралы куәлігін қайта беру кезінде анық нақты ата-аналарын көрсетеді. Бұл ретте баланың тегінің бала (қыз) асырап алушының тегіне және баланың әкесінің атының да бала (қыз) асырап алушының атына өзгертулуйнің мән-маңызы болмайды.

157. Егер асырап алынған баланың (қыздың) ата-анасы ретінде сот шешімі бойынша бала (қыз) асырап алушылар жазылса, алайда асырап алынған баланың (қыздың) тегі мен оның әкесінің аты өзгертулмесе, онда баланың тууы туралы куәлікті қайта беру кезінде (баланың тегі мен ата-аналарының тектерінің алшақтығына және оның әкесінің атының асырап алынған атымен сәйкес келмеуіне қарамастан) ата-аналары ретінде бала (қыз) асырап алушылар көрсетіледі .

158. Бала (қыз) асырап алушы тек әйел (ерек) болып табылған жағдайда және Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының бала (қыз) асырап алу туралы 89-бабына сәйкес баланың әкесінде (анасында) осы балаға қатысты құқықтары мен міндеттердің сақталатыны көрсетілсе тууы туралы, акт жазбасындағы әкесі (анасы) туралы тууы туралы деректер өзгертуге жатпайды .

Егер баланың әкесінде оның құқықтары мен міндеттері сақталмаса не тууы туралы акт жазбасында әкесі туралы мәлімет болмаса, онда асырап алушы әйелдің жазбаша арызында әкесі туралы мәліметтерді АХАЖ органы зандарда көрсетілген тәртіппен көрсетуі мүмкін.

Баланың тууы туралы акт жазбасында әкесі туралы деректер көзделген тәртіппен жазылған жағдайда, сottың шешіміне сәйкес баланың анасы болып жазылатын бала (қыз) асырап алушы әйелдің арызы бойынша АХАЖ органы бұл деректерді сottың шешіміне сәйкес баланың әкесі болып жазылатын бала (қыз) асырап алушының жазбаша арызы бойынша өзгерте алады. Әкесінің тегі бала (қыз) асырап алушы әйелдің тегі бойынша, ал баланың аты, әкесінің аты мен ұлты оның көрсетуі бойынша жазылады. Осыған байланысты баланың әкесінің аты да өзгереді .

Баланың (қыздың) анасында оның құқықтары мен міндеттері сақталмаса, немесе анасы туралы деректер баланың (қыздың) тууы туралы жазба актісінде

Ережеде көзделген тәртіппен (табылған бала) енгізілген болса, АХАЖ органы бұл деректерді соттың шешіміне сәйкес баланың экесі болып жазылатын бала (қызы) асырап алушының жазбаша өтініші бойынша өзгерте алады. Мұндай жағдайларда анасының тегі бала (қызы) асырап алушының тегі бойынша, ал аты, экесінің аты мен ұлты - оның көрсетуі бойынша жазылады. Өзгертулер қорытынды жасалынбай енгізіледі. АХАЖ органы баланың анасы болып жазылатын жалғызлікті әйелдің бала (қызы) асырап алуын тіркеу кезінде оған тиисті жәрдемақы алуға әлеуметтік қамтамасыз ету органына ұсынуы үшін анықтама береді.

159. Бала (қыз) асырап алуды тіркеуге байланысты әскерге шақырылушиның тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ туған жері мен күні өзгертілген кезде «Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл туралы АХАЖ органы әскерге шақырылуши есепте тұратын жергілікті әскери басқару органдарына жеті күн мерзімде хабарлауға тиіс.

Ескеरту. 159-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736
Қаулысымен.

160. Бала (қыз) асырап алуды жарамсыз деп тану, сондай-ақ бала асырап алуды бұзу тек сот тәртібімен жүзеге асырылады.

161. Бала (қыз) асырап алудың күші жоқ деп тану туралы сottың шешімі АХАЖ органына келіп түскен жағдайда бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасы оны қиғашынан сыйзу жолымен жойылады.

Сонымен бір мезгілде жазбаның бет жағында жоғарыдан "Жазба жойылды" д е п к е р с е т і л е д і .

21-бағанада. "Бала (қызы) асырап алу соттың 199 жылғы шешімімен күші жойылған деп танылды" деп көрсетіледі.

Бұл жазба АХАЖ органының лауазымды адамының қолымен және мөрімен
расстановады.

162. Бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасын жою туралы хабарлама баланың тууы туралы акт жазбасының бірінші данасы тұрған жердегі АХАЖ органына жіберіледі, ол сол мерзімде баланың тууы туралы, сондай-ақ баланың өзі (тегі, аты, әкесінің аты, тұған жері мен күні) туралы бұрынғы бар деректерді қалпына келтіреді, егер олар бала асырап алуға байланысты өзгертілген болса, онда 24-бағанада белгі соғылады.

Одан басқа бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасын жою жөніндегі хабарлама бала (қыз) асырап алу және баланың тууы туралы актілер жазбасының екінші даналарының түрған жері бойынша АХАЖ мұрағатына жолданады, ол бала (қыз) асырап алу туралы актілер жазбасының екінші данасын жояды, сонымен бірге нақ сондай өзгертулер енгізеді және тууы туралы актілер

163. Егер бала (қыз) асырап алу туралы шешімге сәйкес асырап алғынған баланың (қыздың) туған жері өзгертіліп, осыған байланысты баланың тууы туралы жаңа акт жазбасы жасалынған болса, бала (қыз) асырап алу туралы акті жазбасын жойған АХАЖ органы бұл жазуды қажеттігі туралы хабарламаны жаңадан әзірленген тууы туралы актілер жазбасының алғашқы данасы түрған жердегі АХАЖ органына жібереді.

Ол жойылғаннан кейін осы АХАЖ органы тууы туралы алғашында жазылған жазбаға қажетті өзгертулер енгізу және ондағы бұрынғы деректерді қалпына келтіру туралы хабарлама, сондай-ақ тууы туралы қайта жазылған акт жазбасының түрған жері бойынша аумақтық әділет органының АХАЖ мұрағатына осы актілер жазбасын жою туралы хабарлама жібереді.

164. Сот бала (қыз) асырап алуды бұзған кезде сот шешімінің көшірмесі түсken күннен бастап АХАЖ органы бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасының 22-бағанасында " _____ соттың _____ жылғы " _____ "N _____ шешімімен бала (қыз) асырап алудың күші жойылды" деген белгі соғылады.

Бұл жазба АХАЖ органының лауазымды адамының қолымен және мөрімен рассталады.

Акт жазбасының бет жағында жоғарыдан "Бала (қыз) асырап алу жойылды" деп көрсетіледі.

165. Бала (қыз) асырап алудан бас тарту туралы баланың тууы туралы акт жазбасының алғашқы данасының түрған жері бойынша АХАЖ органына хабарлама жіберіледі. Мұнда баланың тууы туралы акт жазбасында баланың тууы туралы, сондай-ақ баланың өзі туралы бұрыннан бар деректер, егер олар бала (қыз) асырап алуға байланысты өзгертілген болса, қалпына келтірүлуге тиіс.

Бала (қыз) асырап алуға байланысты, берілген атының, экесінің атының, тегінің балада сақталатыны сот шешімінде көрсетілген жағдайда, бұл деректер өзгертуге жатпайды, бұл жөнінде 24-бағанада белгі қойылады.

Бұған қоса бала (қыз) асырап алуды бұзу туралы бала асырап алу және тууы туралы актілер жазбаларының екінші даналарының түрған жері бойынша аумақтық әділет органының АХАЖ мұрағатына хабарланады.

Нақ сол мерзімде АХАЖ мұрағатындағы акт жазбасының екінші даналарына қажетті белгілер соғылуға тиіс.

166. Егер бала (қыз) асырап алу туралы шешімге сәйкес асырап алынған баланың (қыздың) туған жері өзгертіліп, осыған байланысты баланың тууы туралы жаңа акт жазбасы жазылған болса, бұл туралы хабарламаны асырап алуды бұзу туралы хабарлама келіп түскен АХАЖ органы тууы туралы жаңадан жазылған акт жазбасының бірінші данасы түрған жердегі АХАЖ органына жібереді.

Осындай хабарламаны алып, АХАЖ органы бала (қыз) асырап алуды бұзу туралы белгі соғады. Сол мерзімде бала (қыз) асырап алуды бұзу туралы жоғарыда көрсетілген тәртіппен бала (қыз) асырап алуды бұзу жөнінде белгі түсіру үшін тууы туралы осы акт жазбасының екінші даналарының түрған жері бойынша АХАЖ мұрағатына, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ережелер бойынша баланың ата-аналары туралы бастапқы акт жазбасының орналасқан жері бойынша АХАЖ органына хабарланады.

167. Егер бала (қыз) асырап алуды бұзу туралы соттың шешімі АХАЖ органына асырап алынған бала (қыз) кәмелетке толғаннан кейін келіп түссе, АХАЖ органы барлық қажетті белгілерді түсіруге міндетті.

168. Соттың бала (қыз) асырап алуды бұзыу кезінде бұрынғы бала (қыз) асырап алушыны баланы ұстауға кететін қаражатты төлеп тұруға міндеттеуге құқылы екеніне байланысты қажетті жағдайларда ата-аналардың біріне, қамқоршыға (қорғаншыға), бала орналастырылған балалар мекемесіне бала (қыз) асырап алу туралы қайта куәлік берілуі мүмкін, онда бала (қыз) асырап алудың бұзылғаны туралы белгі болуға тиіс. Бұл белгі АХАЖ органы лауазымды адамының қолымен және мөрімен расталады.

169. Сот (Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 92-94-баптарына сәйкес) бала (қыз) асырап алудың күші жойылған деп таныған кезде және осыған байланысты, егер олар көзделген тәртіппен көрсетілген болса, баланың әкесі туралы бастапқы деректерді қалпына келтіру қажет деп табылған жағдайларда АХАЖ органы қайтадан баланың анасына тиісті жәрдемақы алу үшін әлеуметтік қамтамасыз ету бөліміне ұсынуға арналған анықтама береді. Егер соттың шешімінде бұрынғы бала (қыз) асырап алушының баланы ұстауға қаражатты төлеп тұруға міндетті екені көрсетілмесе, бала (қыз) асырап алудан бас тарту кезінде де осындай анықтамалар беріледі.

170. Бала (қыз) асырап алу туралы материалдар мен анықтамалар тек бала (қыз) асырап алушыларға берілуі мүмкін, ал басқа адамдарға - тек қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен не сот пен тергеу органдарының талап етуі бойынша беріледі.

7-Бөлім. Тегін, атын және әкесінің атын өзгертуді тіркеу

16-тарау. Жалпы ережелер

171. Қазақстан Республикасы азаматтарының атын, әкесінің аты мен тегін өзгертуге олар он алты жасқа толған кезде жол беріледі.

Тегін, атын, әкесінің атын, жынысын өзгерту және оны тіркеу арызданушының тұрғылықты жері бойынша АХАЖ органында (6 қосымшаға сәйкес) жүргізіледі, бұдан кейін атын, тегін, әкесінің атын өзгерту куәлігі (14 қосымшаға сәйкес) беріледі.

Тегін, атын, әкесінің атын өзгерту мынадай дәлелді себептер болған кезде жүргізіледі:

- 1) тегінің, атының, әкесінің атының қолайсыз айтылуы;
- 2) тегінің, атының, әкесінің атының айтылу қындығы;
- 3) егер некені тіркеу кезінде некеге дейінгі тегінде қалса, зайыбының ерімен ортақ тегін алғысы келуі;
- 4) егер некені бұзыу кезінде бұл туралы өтініш берілмесе, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;
- 5) кейінгі неке бұзылмайтын жағдайларда, бұрынғы некеден туған балаларымен ортақ тегін алғысы келуі;
- 6) егер ері қайтыс болса, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;
- 7) егер ері қайтыс болса, ал өтініш беруші некеге дейінгі тегінде болса, балаларымен ортақ тегін алғысы келуі;
- 8) өтініш беруші таңдаған ұлтқа сәйкес келетін немесе ата-аналарының бірінің (ата-аналарының ұлттары әр түрлі болған кезде) тегін және/немесе атын алғысы келуі;
- 9) өмірде шын мәнісінде қалыптасқан, құжаттағы атынан өзгеше атты алғысы келуі;

10) егер некеге тұрған кезде ерінің тегі қабылданған болса, некеге дейінгі тегін алғысы келуі ;

11) ұлттық дәстүр бойынша әкесінің немесе атасының аты бойынша тегін
алғысы келуі.

12) өтініш берушіні шын мәнісінде тәрбиелеген адамның тегі және аты бойынша тегі мен әкесінің атын алғысы келуі.

ЕСКЕРТУ. 171-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.25. N 857
қаулысымен.

**ЕСКЕРТУ. 171-тармақ толықтырылды - КР Үкіметінің 2003.06.03. N 520
қ а у л ы с ы м е н .**

172. Тегін, атын, әкесінің атын өзгерту жөніндегі өтініште мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты;
 - 2) қалаған атын, тегін, әкесінің атын;
 - 3) атын, тегін, әкесінің атын өзгерту себептері.

173. Атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы арызға арызданушының тегін, әкесінің атын өзгертуді сұрауына байланысты растайтын құжаттар қоса ұсынылады.

- 1) өтініш берушінің туу туралы күәлігі;
 - 2) егер өтініш беруші некеде тұрса, неке қилю туралы күәлігі;
 - 3) жасы кәмелетке толмаған балалардың тууы туралы күәлігі (егер өтініш берушінің кәмелетке толмаған балалары болса);
 - 4) бала (қыз) асырап алу туралы күәлік немесе әке болуды анықтау туралы күәлік (егер АХАЖ органдарында бұлар тіркелген болса);
 - 5) некенің бұзылуы туралы күәлік (егер өтініш беруші некенің бұзылуына байланысты өзіне некеге дейінгі тегін беру туралы өтініш жасаса);

6) өтініш берушінің 2 фотосуреті.

7) өтініш берушінің тегін, атын, әкесінің атын өзгерту себептерін түсіндіре отырып, өз қолымен жазылған егжей-тегжейлі өмірбаяны.

ЕСКЕРТУ. 173-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.25. N 857 қаулысымен

174. Атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы арыз беруші жеке бас куәлігін немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспортын (әскери қызметшіден - оның жеке басын куәландағыратын құжат, ал он алты жасқа толған және паспорт алмаған адамнан - туу туралы куәлік) ұсынады.

175. АХАЖ органдары арыз берушінің өтінішінде көрсетілген мәліметтерді құжаттармен салыстырып, оған атын, тегін, әкесінің атын өзгертуге байланысты туындастырын салдар (паспорты және кейбір басқа құжаттарды ауыстыру қажеттілігін, мемлекеттік баж төлеуді, сондай-ақ құжаттарда көрсетілген мәліметтерде үйлеспеушілік болса, құқық белгілеуші құжаттардың кімдікі екендігі фактісі сот тәртібімен белгіленетіндігін) түсіндіруге міндетті.

176. Арыз АХАЖ мұрагаттарында тегін, атын, әкесінің атын өзгерктісі келген адамның туу туралы және неке қилю туралы актілерінің жазбалары болса (егер өтініш беруші некеде тұрса) ғана қаралады.

Туу туралы немесе неке қилю туралы актілердің (егер өтініш беруші некеде тұрған болса) жазбалары жоғалған жағдайларда, осы арыз Ереженің 9-бөліміне сәйкес жазба қалпына келтірілгеннен кейін ғана қаралады.

177. Атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы мәселені дұрыс шешу үшін АХАЖ органдары оның кәмелетке толмаған балаларының туу туралы акт жазбаларының көшірмелерін, ал тиісті жағдайларда - бала асырап алу және әке болуды анықтау, неке бұзу туралы акт жазбаларының көшірмелерін талап етеді.

178. Қажет болған кезде АХАЖ органы өтініш берушіден және тиісті мекемелерден қосымша мәліметтер немесе құжаттарды талап етеді және алынған материалдар негізінде өтініштің мазмұны, тегін, атын, әкесінің атын өзгертудің негізділігі айтылатын қорытынды жасайды. Қорытынды екі данада жасалады және барлық материалдармен бірге аумақтық әділет органына бекіту үшін жіберіледі.

**ЕСКЕРТУ. 178-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.25. N 857
қ а у л ы с ы м е н .**

179. Тегін, атын, әкесінің атын өзгертуге рұқсат берілуі немесе бұдан бас тараптуды.

Тегін, атын, әкесінің атын өзгертуге рұқсат берілгенде туралы немесе рұқсат берілмегендігі туралы өтініш берушіге және материал жіберген АХАЖ органына хабарланаады.

Өтініш қанағаттандырылған жағдайда арыз берушіге оның тегін, атын, әкесінің атын өзгертуді бір айлық мерзімде тіркеуге тиіс екендігі түсіндіріледі. Бұл мерзімді дәлелді себептерсіз өткізіп алған жағдайда тегін, атын әкесінің атын өзгертуге берілген рұқсат күшін жояды.

Атын, тегін, әкесінің атын өзгертуден бас тартқанда арыз иесіне одан алынған құжаттар қайтаратылады.

**ЕСКЕРТУ. 179-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 520
қ а у л ы с ы м е н .**

180. Атын, тегін, әкесінің атын өзгертуден бас тартылғанда сотқа белгіленген мерзімде шағым жасалуы мүмкін.

181. Мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіршек көрсетілген кезде арызды қабылдаған АХАЖ органы атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы рұқсатқа сәйкес атының, тегінің, әкесінің атының өзгертілуін тіркейді.

Тегінің, атының, әкесінің атының өзгертілуіне байланысты арыз берушінің жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты заңмен белгіленген мерзімде ауыстыруға жатады.

182. Тегін, атын және әкесінің атын өзгертуді тіркеу тәртібі "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 194-бабымен реттеледі.

183. Тегін, атын, әкесінің атын өзгертуді тіркеген АХАЖ органы, осы азаматтық хал актісі жазбасына қажетті өзгертулерді енгізу үшін және арызданушының аты, тегі, әкесінің аты өзгергенде жаңа куәлік беру жөнінде АХАЖ органына хабарлама жібереді.

Озгерістер азаматтық хал актілерінің мынадай жазбаларына енгізіледі: некеде тұрмайтын адам тегін ауыстырған кезде - тууы туралы акті жазбасына;

некеде тұрған адам тегін өзгертуді тіркеу сәтінде неке бұзылған жағдайларда:

- 1) егер жұбайы айырылысқаннан кейін некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалса - балалардың тууы туралы актілер жазбасына және некені бұзу туралы акті жазбасына ;
- 2) егер жұбайы айырылысқаннан кейін басқа жұбайының тегінде не бұрын некеде болған жұбайының тегінде қалса - некені бұзу туралы акті жазбасына;
- 3) некені бұзуға байланысты тегін некеге дейінгі тегіне өзгерту кезінде - некені бұзу туралы акті жазбасына;
- 4) некеде тұрған адам егер ол басқа жұбайдың тегін, оның ішінде некеге дейінгі тегін иеленсе, тегін өзгерту кезінде - некеге тұру туралы акті жазбасына;
- 5) некеде тұрған адам тегін өзерткен кезде, егер осы адам неке тіркелгеннен кейін некеге дейінгі тегінде қалған болса - тууы туралы акті жазуына және неке қилю туралы акті жазбасына ;
- 6) некеде тұрған адам тегін өзерткен кезде, егер бұл адам неке тіркелгеннен кейін бұрынғы неке бойынша жұбайының тегінде қалса - неке қилю туралы акті жазуына ;
- 7) некеде тұрған адам некеге дейінгі тегін жұбайының тегіне ауыстырған кезде - некеге тұру туралы акті жазбасына;
- 8) атын, әкесінің атын өзерткен кезде - тууы туралы, акт жазуына, ал некеде тұрған адамдарға қатысты - сондай-ақ неке қилю туралы акті жазбасына;
- 9) тегі әкесінің атына немесе ұлттық дәстүр бойынша атасының атына жазылып өзгертілген кезде - тууы туралы акті жазбасына, ал қажет болған жағдайларда және басқа жазбаға өзгертулер енгізу жүргізіледі.

Егер арыз берушінің некесі оның алғашқы некесі болмаса, онда неке қилю туралы бұрынғы акті жазбаларына сондай-ақ некені бұзу туралы жазбаға өзгертулер енгізілмейді .

Ата-аналары тегін өзерткен кезде он алты жасқа толмаған балаларының да туу туралы актілер жазбаларындағы тектері міндепті түрде өзгертіледі.

Егер ата-аналарының бірі тегін өзерткен болса, онда он алты жасқа толмаған

балалардың тегін өзгерту туралы мәселе ата-ананың келісімі бойынша, ал келісім болмаған жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

Әкесі атын өзгерткен жағдайда он алты жасқа толмаған балалардың туу туралы акт жазбаларында, олардың әкесінің аттары түзетіледі.

Асырап алынған баланың (қыздың) ата-анасы ретінде жазылған бала (қыз) асырап алушылар тектерін немесе баланың әкесі болып жазылған бала (қыз) асырап алушы атын, сондай-ақ әке болу туралы АХАЖ органдарында тіркелген адам тегі мен атын өзгерткен кезде жоғарыда көрсетілген тәртіппен он алты жасқа толмаған балалардың тууы туралы актілер жазбасына, сондай-ақ бала (қыз) асырап алу туралы актілер жазбасына және әке болуды анықтау туралы актілер жазбасына өзгертулер енгізіледі.

Ата-ананың ең болмағанда біреуі атын, тегін, әкесінің атын өзгерткен кезде балалардың тууы туралы актілер жазбасында ата-аналары туралы мәліметтер өзгертіледі. Осындай өзгерістер, егер бала (қыз), асырап алушылар асырап алынған балалардың туу туралы акт жазбаларына, сондай-ақ бала (қыз) асырап алу және әке болуды анықтау туралы акт жазбаларында да осындай өзгерістер енгізіледі.

Асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылмаған бала (қыз) асырап алушылар атын, тегін, әкесінің атын өзгерткен кезде тек бала (қыз) асырап алу туралы акт жазбасына ғана өзгеріс енгізіледі.

Егер балалардың тууы туралы актілер жазбасы сақталмаса, жазбаға қажетті өзгерістер енгізу туралы АХАЖ органына келіп түскен хабарламаға тиісті белгі қойылып, осы хабарламаны жіберген АХАЖ органына қайтарылады.

184. Эскерге міндеттілер мен әскерге шақырылышылардың азаматтық хал актілері жазбасына енгізілген атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы АХАЖ органы жеті күн мерзімде тегінің, атының, әкесінің атының өзгертілгені тіркелеген жердегі жергілікті әскери басқару органдарына хабарлайды.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен.

185. АХАЖ органы акт жазбаларының жасалған жері бойынша оларға қажетті өзгертулер енгізеді және жазбалардың екінші даналарына өзгертулер енгізу үшін хабарламаны аумақтық әділет органындағы АХАЖ мұрағатына жібереді.

186. Кәмелетке толған балалардың тегі мен әкесінің аты тек олардың арызы бойынша жалпы тәртіппен жүргізіледі.

187. Өзгертулер енгізілген соң, ("Белгілеу үшін" бағанасындағы) акт жазбасына жазбаны жасаған адамның қойған қолымен және АХАЖ органының мөрімен куәландырылып, өзгертудің күні мен негізі көрсетіле отырып белгі қойылады. Сонымен бірге АХАЖ органы жаңа куәлік жазып, оны арыз берушіге тапсырады немесе оның тұрғылықты жері бойынша тапсыру үшін АХАЖ органына жібереді. Бұрын берілген куәліктер белгіленген тәртіппен жойылады.

Егер осы негіздер бойынша өзгертулер енгізілуге тиісті азаматтық хал актілерінің жазбалары басқа АХАЖ органдарында болса, онда жазбаға өзгертулер енгізу туралы хабарлама осы жазбаның бірінші даналары тұрған жердегі АХАЖ органына, сондай-ақ атын, әкесінің атын, тегін, өзгертуге рұқсат берген АХАЖ органына жіберіледі.

188. Тегін, атын, әкесінің атын, тегін өзгертуді тіркеу туралы АХАЖ органы атын, тегін және әкесінің атын өзгерту тіркелетін жердегі ішкі істер органына х а б а р л а й д ы .

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қ а у л ы с ы м е н .

189. Қазақстан Республикасында туған немесе некесін қидырған және шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы арызы елшілікке немесе Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне береді.

Елшілік немесе Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесі қажетті тексеруден өткізгеннен кейін барлық материалдарды өз қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы, мәселені шешу үшін атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы өтініш етіп жүрген Қазақстан Республикасы азаматының туу туралы акт жазбасын (ал тиісті жағдайларда некені қию туралы акт жазбасын) жасалған жері бойынша А Х А Ж о р г а н ы н а ж і б е р е д і .

Аумақтық әділет органының АХАЖ бөлімінің рұқсаты негізінде тегін, атын, әкесінің атын өзгертуді тіркеу өтінішті қабылдаған Қазақстан Республикасының елшілік және консулдық мекемесінде жүргізіледі.

190. Шетелде туған немесе некесі қылған және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының аттарын, тектерін, әкелерінің аттарын өзгерту туралы өтініштерін қарау осы Ережемен белгіленген тәртіппен, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында атын, тегін, әкесінің атын өзгертуді қалайтын адамның туу туралы акт жазбасы және неке қилю туралы (өтініш иесі некеде тұрса) акт жазбасы бар не, жоқ екендігін анықтағаннан кейінғана жүргізіледі. Мәліметтерді анықтау шетелдегі елшіліктер немесе консулдық

мекемелер арқылы жүргізіледі.

Атын, тегін, әкесінің атын өзгерту жүргізілгендігі туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы азаматының туу немесе неке қио (егер өтініш иесі некеде тұрса) туралы актілер жазбасы жасалған жердегі шет мемлекеттердің құзыретті органдарына хабарланады.

